



Қыс шананды жаз сайла

2-бет



Баға шектен шықпайды

4-бет



Зерде мен зейін додасы

8-бет



Кәсіпкерліктің тың толқыны

Мамандардың айтуынша, экономикалық дағдарыс жағдайында микро, шағын және орта бизнес субъектілеріне сенім жоғары. Өйткені аталған сектор қысылтаяң шақта жаңа жұмыс орындарын ашудың драйвері бола алады. Соның ішінде, әйелдер кәсіпкерлігіне деген үміт ерекше. Әйел затының бизнестегі орны кейінгі кездері айшықтала түсуде. Әлемнің барлық елі, оның ішінде, Қазақстан да әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға ерекше ден қойып отыр. Біздің ел әйелдер кәсіпкерлігін дамытуды ынталандыра отырып, оны экономиканы нығайтудың бірден-бір құралы ретінде пайдалана бастады. Шағын және орта бизнес әйелдер үшін негізгі кіріс көзіне айналып келеді. Өйткені, олардың көбі өз істерін отбасыларына көмек ретінде бастайды. Кейін көкжиегін кеңейтеді. Бұл – экономикаға сеп.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақта әйелдер кәсіпкерлігі дамуда

Әйелдер кәсіпкерліктің дамуына айтарлықтай үлес қосуда. Аймақта әйелдер басшылық ететін компаниялардың үлесі 51%-дан асып, 52 мың компанияны құрайды. Нақтыласак, 52 123 компанияны әйел заты басқарып отыр. Негізінен, әйелдердің 45%-ы көтерме және бөлшек саудада, 17%-ы сервистік қызмет көрсету сияқты экономиканың салаларында жұмыс істейді. Әйелдер басшылық ететін компаниялардың орташа есеппен 5%-ы білім беру мен денсаулық сақтау, өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығына тиесілі, әйелдердің 3%-ы көлік, ақпарат пен байланыс, тұру және тамақтану қызметтерін ұсыну сияқты тиісті қызмет салаларында жұмыс істейді.

Әйелдер бизнесі экономикалық өсуге ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар, маңызды әлеуметтік міндеттерді шешеді. Жұмыс орындарын құрады, бизнестің әлеуметтік бастамаларын қолдайды.



Коллаж: жасаған Шаһиір Ахметбекова

► 3-бет

Ғалымдар даму көшін бастайды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым мықты болса, мемлекет те қуатты болатынын атады. Мемлекет басшысының қолдауымен соңғы жылдары ғылым саласында бірқатар өзгерістер болды. Атап айтқанда, ғалымдардың жаалақысы өсті, жас мамандарды қолдау шаралары кеңейтілді, сондай-ақ, Қазақстанда ғылымды дамытуға жұмсалатын қаражат көлемі өсті.

Ұлттық статистика департаменті ұсынған мәліметке сүйенсек, Қарағанды облысында соңғы 6 жылда зерттеуші мамандар саны артып, ғылымға ерекше көңіл бөліне бастаған. Мәселен, облыста 2019 жылдары зерттеуші мамандардың жалпы саны – 1001 болса, бүгінде 270-ке артты. Ал, ғылым докторларының саны 54-тен – 126-ға көбейген.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыда 30 ғылыми ұйым бар

Президент озық ойлы ғалымдарды тарту бағытындағы әлемдік тәжірибені



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ



ДАМУДЫҢ 6 ЖЫЛЫ

терең зерттеуді, кәсібилігі жоғары мамандарға ел игілігіне жұмыс істетудің барлық мүмкіндіктерін қарастыруды тапсырды. Қарағанды өңірінде осы орайда соңғы алты жылда ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстармен айналысқан ғалымдар қатары 1 349-дан – 1 562-ге көбейген.

Соңғы мәліметтер бойынша, бүгінде елде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындайтын 438 ұйым бар. Оның 30-ы – Қарағанды облысына тиесілі. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша ел көлемінде аталған ұйымдарда 21 617 ғалым жұмыс істейді. Зерттеушілердің 35%-ы ғылыми немесе академиялық дәрежеге ие.

► 3-бет

• БӘРЕКЕЛДІ!

Түркияда топ жарды

Саран қаласының оқушылары Түркиядағы робот техника олимпиадасының еуразиялық кезеңінің чемпионы атанды. Fibonacci EuroAsia Robot Olympiad халықаралық олимпиадасының еуразиялық кезеңі Анталияда өтті. Сарандық оқушылар «Робофутбол» санатында бірінші орын алды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Fibonacci EuroAsia Robot Olympiad халықаралық олимпиадасына әлемнің 10 елінен – Әзірбайжан, Иран, Молдова, Филиппин, Түркия, Қазақстан және басқа елдерден оқушылар қатысты.

Жеңімпаз атанған Антон Евсеев пен Тимур Кәрімов – 9 жаста. Екеуі де Саран қаласындағы №17 мектеп-гимназиясында оқиды. Екі жарым жыл бойы балалар робот техникамен айналысады. Сабақтар үлкен нәтиже берді.

– Әрине, бәсекелестік жоғары, ал, тапсырмалар күрделі. Бұл жай ғана джойстикті басқарғандай оңай көрінуі мүмкін. Шын мәнінде, балаларда конструктор ғана болады, одан олар белгіленген шарттар бойынша роботты жинауы тиіс. Яғни, бұл роботтың белгілі бір өлшемі, салмағы, конфигурациясы болуы тиіс. Содан кейін роботты да, джойстикті де бағдарламау керек. Бұл, әсіресе, тоғыз жастағы балалар үшін оңай емес, – деді №17 Саран мектеп-гимназиясының робот техника бойынша жаттықтырушысы Әсел Ақшалақова.

Оның айтуынша, Түркиядағы олимпиадада оқушыларға толқуды жеңуге олардың тәжірибесі көмектескен. Жас болғанына қарамастан, балалар RoboLand және FIRST LEGO League ойындарына қатысқан.

– Балаларды жарыстарға барынша жиі алып баруға, оларға әртүрлі қалаларды, мектептерді көрсетуге тырысамын. Олардың НЗМ, IT-лицей, Н.Нұрмақов атындағы мектеп лицей-интернаты сияқты беделді мектептердің оқушыларымен тең дәрежеде өнер көрсете алатынын көрсеткім келеді. Бастапқыда олардың қысылғанын көрген болсам, қазір ондай байқалмайды. Балалар егер күш-жігер жұмсаса, бәрін жасай алатынын түсінеді. Мен олардың білімі мен күш-жігері оларға әлемді ашатынын дәлелдегім келеді, – дейді жаттықтырушы.

Жеңімпаздардың ұстазы атап өткендей, мектептегі информатика пәні мен робот техника кабинеттерін заманауи жарактандыру арқылы чемпиондарды робот техникасы бойынша жаттықтыру өз септігін тигізеді.

– Мектеп директоры робот техникаға көңіл бөледі. Егер мамандандырылған облыстық және коммерциялық мектептерді ескермесек, онда біздің жарактандыру – облыстағы үздіктердің бірі, – дейді Әсел Ақшалақова.

Алда Тимур мен Антон Италияға, Fibonacci Olympiad әлемдік кезеңіне барады. Жаттықтырушы Әсел Ақшалақова гимназияның басқа да оқушыларын жаңа жеңістерге дайындауды жалғастырады.

ORTALYQ
QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу басталды. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, редакцияда және Kaspi QR арқылы ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА	
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 ай	10 447,44 тг
Жеке жазылушылар	6 айға	3 386,60 тг
Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ	
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 айға	5 882,60 тг
Жеке жазылушылар	6 айға	3 074,60 тг

Анықтама телефоны:

41-26-85, 8-702-638-56-85,
8-705-902-04-05.

E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

Мекенжайымыз:

Ермеков көшесі, 33 үй,
8-қабат

Қыс шанаңды жаз сайла

Саран қаласына жұмыс сапарымен барған Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жылыту маусымының аяқталуы мен алдағы кезеңге дайындық барысын назарға алды. Өңір басшысы қаладағы бірқатар нысандарды аралап, жүргізіліп жатқан инфрақұрылымдық жұмыстардың сапасы мен мерзімін қатаң бақылауда ұстау қажеттігін атап өтті.



Сурет облыс әкімінің сайынан

Ермағанбет Қабдулаұлы Абай көшесіндегі компенсаторларды орнату және жөндеу учаскелерімен, сондай-ақ, орталық жылу пункті мен жылу көздерін аралап, нысандардағы жұмыстардың барысымен танысты.

Орталық қазандыққа қосу процесі үш кезеңге бөлінген. Былтыр, яғни, 2024 жылы 113 көппәтерлі тұрғын үй мен 5 әлеуметтік-мәдени нысан орталық жылу жүйесіне қосылған. Саран қаласы әкімінің орынбасары Дастан Әрнешевтің айтуынша, жылу маусымы аяқталғанға дейін бірінші және екінші кезеңге қалған барлық

тұрғын үйлер орталық жылу жүйесіне қосылады.

— Қазір келесі кезеңге дайындық аясында бастапқы компенсаторларды сынау жұмыстары жүргізілуде. Сынақ сәтті өткеннен кейін үшінші кезең іске қосылады, оған Абай көшесі мен Горняк шағын ауданындағы 81 үй кіреді, — деді ол.

Сонымен қатар, қалада жөндеу жұмыстары жалғасуда. Яғни, бастапқы компенсаторлар мен ысырмалар ауыстырылып жатыр. Жоспарға сәйкес мамыр айының соңына дейін екінші кезеңдегі барлық үйлер қосылып, шілде

айының соңына дейін қала толық жылыту маусымына дайын болады.

Сапар барысында облыс әкімі мердігер ұйымдар мен жауапты құрылымдардың қатысуымен кеңес өткізіп, нақты тапсырмалар жүктеді.

— Барлық қажетті жабдықтарды қазірден бастап сатып алыңыздар. Жылыту маусымы басталған соң ақау анықталса, оны жөндеуге уақытымыз жетпей қалуы мүмкін. Барлық жұмыс соңғы сәтке қалмай, алдын ала атқарылуы қажет! — деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Саран қаласының әкімі Дарын Бұлқайыр жылыту маусымына дайындық барысы туралы баяндалды.

— 2025-2026 жылдардағы жылыту маусымына барлық үш кезеңді толық қосу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, орталық қазандықтың жабдықтарына тексеру жүргізіледі. Төрт жаңа сорғы тобы мен оларға қосымша жөндеу жиынтықтарына тапсырыс берілді. Қысқы кезеңде анықталған ақауларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді. Жылу көзіндегі барлық жұмыстар тамыз айына дейін аяқталады, — дейді ол.

Маңызды кезеңдердің бірі — Горняк шағын ауданын орталық жылу жүйесіне қосу. Бұған дейін бұл ауданның №55 үйінің 43-і пешпен жылытылып келген. Қазіргі таңда барлық аулаларда жылу тораптары орнатылып, тұрғындармен жылу тарту жөнінде келісімшарттар жасалған. Енді үйлерге жылу беру үшін сығымдау және гидравликалық сынақтар жүргізіліп, жаңа маусым басталғанға дейін толығымен қосу жоспарланып отыр.

Жергілікті қазандықтар тоқатылған соң олардың жабдықтарына толық тексеру жасалып, жөндеу жүргізіледі. Кейін бұл қазандықтар резервтік режимге көшіріледі.

Кеңес соңында облыс басшысы жобалар сапасының жоғары болуын, уақытында аяқталуын талап етіп, 2025-2026 жылғы жылыту маусымына дайындық облыс әкімдігінің тікелей бақылауында болатынын атап өтті.

Өз тілшімізден

Тіршілік тынысы ашылды



Республикалық «Таза Қазақстан» акциясы аясында Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы мен Нұра-Сарысу аймақаралық балық шаруашылығы бассейндік инспекциясы Теміртау қалалық әкімдігі мен ішкі саясат бөлімінің қолдауымен Самарқан су қоймасында «Таза су айдындары» акциясын өткізді. Бұл акцияға Теміртау қалалық мәслихатының депутаттары мен Қарағанды индустриалық университетінің студенттері, эковолонтерлерден 100-ден аса адам және 15 техника қатысты.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оның басталу сәтінде сөйлеген облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бахтияр Санбаев:

— Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2024 жылы басталған «Таза Қазақстан» акциясы биыл да жалғасын тауып, біз облысымыздағы су айдындарын тазалауды бастадық. Оның мақсаты — су ресурстары мен балық қорын, олардың мекендеу ортасын сақтап, табиғи көбеюіне жағдай жасау. Осыдан кейін мұндай тазалау шаралары Сәтбаев атындағы канал арнасында, Ботақара көлі мен Ынтымақ, Федоров, Саран, Көгілдір тоғандар су қоймаларында да өткізілмек. Бұл акция 30 мамырға дейін созыла-

ды. Экологияны қорғау — баршамыздың міндетіміз, — деді.

Ал, Теміртаудағы «Отражение» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Елена Варганова бұл жолғы акция челленджін өздерінің Ұлытау облысынан қабылдап алғандарын, оны енді Алматы облысына жолдайтындарын айтады.

Бұл күні акцияға қатысушылар Самарқан су қоймасының жағалауын күл-коқыстан, иесіз қалған балық ауларынан тазартып, айдын беті айнадай жарқырап қалды.

ТЕМІРТАУ

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

«Бақпасан, бала кетеді...»

Жасөспірімдер тарапынан жасалатын қылмыстың жиілеп кетуі елді алаңдатып отыр. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында: «Жас ұрпақтың тағдыры, өмірі мен денсаулығы бәрінен маңызды. Жасөспірімдер бос жүрмеуге тиіс. Олардың шығармашылыққа, спортқа қызығушылығын арттыру жағына көбірек көңіл бөлу қажет. Балаларды еңбекке баулып, волонтерлық қызметке жұмылдырған абзал», — деген еді. Бұл бағытта кеншілер өлкесінде тиісті жұмыстар жүйелі жүргізіліп келеді.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мамандар жасөспірімдердің қылмыстық әрекеттерге саналы түрде баруын көбінесе отбасындағы тәрбиенің жеткіліксіздігі мен әлеуметтік орта ықпалымен байланыстырады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тапсырмасына сәйкес Қарағанды облысы аумағында 10 сәуір мен 6 мамыр аралығында «Жасөспірім» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы жүзеге асырылуда.

Бұл жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алумен қатар, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоғамға жат қылықтардың жолын кесуіне бағытталып отыр.

Қарағанды облысы полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Жасқайрат Қайыровтың айтуынша, акцияға күн сайын 408 полиция қызметкері жұмылдырылады екен.

Нәтижесінде айлық аясында, кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеуге байланысты міндеттерін толық орындамағаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 127-бабымен 79 ата-ана, 18 жасқа толмағандардың қоғамдық орындарға масаң күйде келіп, немесе алкогольдік ішімдіктерді тұтынғаны үшін 8 ата-ана жауапкершілікке тартылған.

Түнгі уақытта қараусыз жүрген жасөспірімдер қылмыс жасауы, не қылмыстың құрбаны болуы әбден мүмкін. Мұның алдын алуға, түнгі уақытта бала өмірінің қауіпсіздігіне ата-аналар жауапты. Сондықтан да,

Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 442-бабына сүйене отырып, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта қараусыз жүргені үшін 303 ата-ана жауапкершілікке тартылған.

Бала тәрбиесіне немқұрайлы қарайтын 52 қолайсыз отбасы және қылмыс пен құқық бұзушылық жасаған 50 кәмелетке толмағандар полицияның есебіне алыныпты.

Дерекке сүйенсек, облыс аумағында есепте тұрған кәмелетке толмағандармен және олардың ата-аналарымен оларға жауапты заңды өкілдерімен жеке профилактикалық жұмыс үнемі жүргізіледі. Олардың үй-жайы, оқу орны бойынша тексерістер де тұрақты түрде жүзеге асырылады.

Нақтырақ айтсақ, қазіргі таңда білім беру мекемелерінің қызметкерлерімен бірлесіп, оқушылар мен студенттер арасында буллинг пен бопсалаудың алдын алу мақсатында анонимдік сауалнама да жүргізілуде екен.

Сала мамандары бұл шараның жастар арасындағы психологиялық ахуалды анықтап, тиісті профилактикалық жұмыстар жүргізуге бағытталғанын айтады.

— Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде қазір кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасалған қылмыстар 12% (33-тен 29-ға) төмендеді. Жас мөлшері бойынша, 14-15 жастағылар — 5 қылмысқа, 16-17 жастағылар 19 қылмысқа қатысқан. Бұл ретте кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі мәселесіне жеке тоқталғым келеді. Қылмыстық кодекстің 15-бабына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта 16 жасқа толған ақыл-есі түзу жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Егер ауыр

және аса ауыр қылмыс жасаса, 14 жасқа бастап жауаптылыққа тартылады. Кез келген құқық бұзушылық баланың болашағына тікелей қауіп төндіреді. Бүгінгі әрекеті ертеңгі тағдырына әсер етеді. Сол себепті, әр жасөспірім өзін және болашағын қорғау өз қолында екенін түсінгені жөн. Ата-аналарды бірлесе жұмыс істеуге шақырамын. Баламыздың болашағына немқұрайды қарамайық, — деп атап өтті Жасқайрат Иманбекулы.

Баланың уақытының көп бөлігі мектепте өтетін болғандықтан, осы мәселе төңірегінде Қарағанды қаласындағы №14 гимназиясының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жанат Тлеубековтің пікірін сұрадық.

— Гимназиямызда бұйрықпен бекітіліп, жылдық жоспары жасалған арнайы профилактикалық кеңес жұмыс істейді. Оның құрамына директор, директордың салалық орынбасарлары, мектеп психологі, әлеуметтік педагог және сынып жетекшілері кіреді. Қажет болған жағдайда ғана уәжделі инспекторды тартамыз. Жасөспірімнің қылмысқа баруына түрткі болатын жайттар көп. Бірнешеуін атап өтейін. Балаға аз уақыт бөлу, ата-аналардың жұмысбастылығы және қадағалаудың аз болуымен салдарынан баланың біреулерге еріп немесе еліктеп кетуі сынды жағдайлар. Жасөспірімдер қылмысының алдын алу бағытында бекітілген әйемалы полиция бөлімімен жоспарға сай шаралар атқарылады. Кездесу, дәріс, ашық сабақ, челлендж және тағы басқа. Кейде прокуратурамен бірігіп, жасөспірімдердің сотына оқушыларды да қатыстырамыз. Полиция бөлімімен бірлесіп, жасөспірімдер көп жиналатын орындарға рейд жүргіземіз. Мақсатымыз — оқушыларымызды білімді, тәрбиелі, патриот әрі еңбеккер етіп тәрбиелеу — дейді Жанат Тлеубеков.

Жуырда «Қазақстан дәуірі» сайтында журналист Жаннұр Болаттың қылмыстық құқық, кримнология және кәмелетке тол-



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

мағандардың қылмыстарын сотқа дейінгі тергеп-тексерудің процесуалдық аспектілері саласындағы танымал зерттеуші Диана Кошеновамен болған «Кәмелетке толмағандар қылмысымен күрестегі басты әдіс — алдын алу» тақырыбындағы сұхбаты жарияланды.

Сұхбатта Диана Кошенова: «Кәмелетке толмағандар қылмысы — қылмыстық құқықтың ең осал санаттарының бірі. Жасөспірімдер көбінесе қиын өмірлік жағдайларға тап болады және олардың қылмыс жасауы әрдайым саналы түрде болмайды. Кәмелетке толмағандарды қылмысқа итермелейтін себептерді зерттеу, олардың құқықтарын қорғау және әлеуметтік бейімделу механизмдерін әзірлеу өте маңызды», — деп атап көрсетеді.

Сонымен қатар, өз жұмысында Қазақстан, АҚШ, Германия және Ұлыбритания заңнамасы мен құқық қолдану тәжірибесін салыстырмалы түрде талдағанын айтады.

«Мысалы, АҚШ-та «ювеналды юстиция» тұжырымдамасы белсенді қолданылады, ол тек жазалауды ғана емес, кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды түзетуді де қамтиды. Германияда жасөспірімдердің қайта қылмыс жасауын болдырмау үшін ерте араласу жүйесі жұмыс істейді. Ал Ұлыбританияда кәмелетке толмағандарға әлеуметтік бағдарламалар арқылы кінәсін өтеуге мүмкіндік беретін қалпына келтіру әділеттілігіне ерекше көңіл бөлінеді» деп атап өтеді зерттеуші.

Айналып келгенде, бұл жұмыстардың бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Ендеше Президентің өзі ерекше көңіл бөліп, бақылауына алып отырған бұл мәселеге бей-жай қарамай, балаға уақыт бөліп, жоғарыдағы айтылған кемшіліктерді түзеп, болашағын жарқын болуына жағдай жасауға тиіспіз.

Идея бизнеске бастайды



Қарағандыдағы IT-хабта өткен Демокүні үздік командалар өнер көрсетті. Олардың қатарында болжамдардан бастап алғашқы клиенттерге дейінгі жолды жүріп өткен, шетелдік нарықтарды бағындыруға бағытталған жобалар болды. Арасында тек тәжірибелі командалар ғана емес, мектеп оқушылары да бар. Диабетпен ауыратын адамдарды қолдауға арналған Diabalance қосымшасын әзірлеген жоғары сынып оқушыларының командасы ерекше назарға ие болды.



Сурет облыс әкімінің сайынан



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

— Біз жылына үш рет бизнес-бағдарламалар өткіземіз. Үздік командалар бағдарламалар финалында өнер көрсетіп, гранттар мен инвестицияларға үміткер болу үшін қазылар алқасына жобаларын ұсыну мүмкіндігіне ие болады, — деді «Террикон алқабының» басқарушы серіктесі Диана Салехова.

IT-хабта өткен шараға 14 жоба қатысты. Қазылар алқасының шешімі бойынша «Инкубатордың» үш түлегі жобасын одан әрі дамыту үшін 500 мың теңге көлемінде грант алды.

Диабетпен ауыратын адамдарды қолдауға арналған Diabalance қосымшасын әзір-

леген командада Назарбаев зияткерлік мектебінің жоғары сынып оқушылары Вадим Назаренко, Әмірхан Сандыбаев және Әміржан Байкенжин бар. Олар әлдеқайда тәжірибелі командалармен иық тіресті.

— Біз нарықтың қалай жұмыс істейтінін түсініп, өнімімізді таныстыруды үйрендік, — деді Вадим.

Демокүні жобаларын ұсыныған «Акселератор» түлектерінің арасында инвестиция тартуға дайын қатысушылар да болды. Алдағы уақытта өңірдің әлеуетті стартаптарын қолдау үшін хаб базасында іске қосылған Terricon Venture венчурлік қоғамдастығымен одан әрі келіссөздер жүргізу үшін бірнеше жобалар ұсынылатын болады.

Кәсіпкерліктің тың толқыны

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кәсіпкерлікті, оның ішінде, әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға мемлекеттік және салалық бағдарламалар шеңберінде екінші деңгейдегі банктер және басқалар арқылы көрсетілетін қаржылық қолдау шаралары ықпал етеді.

Облыстың кәсіпкерлік басқармасының ұсынған дерегіне сүйенсек, 2024 жылы бизнесті қолдау шараларының арқасында субсидиялау, кепілдік беру, гранттар және жеңілдікті микрокредиттер түрінде 14 млрд теңге сомасына әйел адамдардың 700-ге жуық жобасы қаржыландырылды. Бұл барлық қаржыландырылған жобалардың 43%-ын құрайды.

Кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай кешенді бағдарламасы шеңберінде көрсетіліп жатқан көмек көлемі ауқымды. Өткен жылы 13,6 млрд теңге кредит сомасына 508 жоба қаржыландырылды. Оның барлығы әйелдердің бастамасымен қолға алынған жобалар болатын. Оның ішінде, субсидияланғаны және кепілдендірілгені бар.

Грант – қолдау көзі

Облыс бойынша 2024 жылы барлығы 380 млн теңге сомасына 215 грант берілді. Оның ішінде, 130-ы – әйелдер басшылығындағы жобалар. Басқармада хабарлағандай, жұмыспен қамтуды қолдау шаралары аясында көпбалалы аналарға, атаулы әлеуметтік көмек алушыларға, мүгедектігі бар адамдарға 108 грант берілді. 400 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі бұл қолдау бизнесті ашуға және кеңейтуге бағытталған. Грант қаражаты негізінен кондитерлік және тігін цехтары, студиялық және шығармашылық студияларын ашуға жұмсалған екен.

Гүлдана Жаңағұлова кәсібін Саран қаласында ашқан. Ол сабын өндіру ісімен айналысуда.

– Былтыр маусым айында грант алған бетте ісімізді бастап кеттік, – дейді Гүлдана Абайқызы. – Ғимаратты жалға алып, сабын шығару цехын аштық. Алған негізгі құралымыз – станок пен оның қосалқы құралдары. Алматыдан алдырдық, шикізаттарын да сол жақтан алдырттамыз. Оның айтуынша, шығарып жатқан сабыны толығымен табиғи өнім.

– Біз кәдімгі ток ішекті қолданып, таза өнім шығарамыз. Осы істі бастарда зерттеп қарасам, сабынды шошқаның да, иттің де майын қосып жасай береді екен. Бұл сабынды әуелі өз отбасым, балаларым қолданады. Сондықтан, оның таза, адал болуы біз үшін маңызды. Бұдан бөлек, сұйық сабын, ыдыс жуатын құралдар да шығарамыз, бірақ, негізгі өніміміз – кір сабын, – дейді ол.

Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік



ГАЙД КҮНТІЗБЕ

ҚАҢТАР ■ Нишаны қалай таңдау керек? ■ Бизнес-панды қалай құру керек? ■ Жұмыс орындарды субсидияландыру	АҚПАН ■ Субсидияландыру ■ Бастау бизнес – 400 АЕК ■ Жастарға арналған несие 5 млн – 2,5%	НАУРЫЗ ■ COCA COLA белестері – 4000 \$	СӘУІР ■ Несиелендіру 6-8 % ■ ШҚҰ 6-8 %
МАМЫР ■ ASSYLTAС гранты ■ ЕҚДБ	МАУСЫМ ■ Коммерцияландырудың перспективті жобаларды гранттық қаржыландыру – 330 млн	ШІЛДЕ ■ QAZINNOVATIONS гранты	ТАМЫЗ ■ ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ гранты
ҚЫРКҮЙЕК ■ 5-10 млн инновация	ҚАЗАН ■ JAS PROJECT жобасы – 1 млн ■ Expo Woman Entrepreneurship	ҚАРАША ■ Облыс әкімінің гранты ■ ASSYLTAС гранты	ЖЕЛТОҚСАН ■ COCA COLA белестері – 4000 \$ ■ USAid қаржыландыру

Сурет шығармашылық студиясының ашылуы

бағдарламалар басқармасының дерегіне, гранттар жиһаз, кондитерлік цехын ашуға, этникалық үлгідегі, сыртқы және балалар киімдерін тігуге, массаж кабинетін, сұлулық салонын кеңейтуге, эстетикалық косметологияға, шығармашылық орындарын, тез тамақтану дүңгіршектерге, қымыз үшін жабдықтар сатып алуға, науабайхана, шұжық цехы, кофе аппараты, анимациялық сервис, оттегі борокамерасы, монша, автокөлік бөлшектері дүкенінің металл конструкцияларын өндіру, аяқ киімді жөндеу және кілттер жасау сынды көптеген бағыттар бойынша жасалған жобаларға беріледі.

Қаржылық қолдау қомақты

Сонымен қатар, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай кешенді бағдарламасы

шеңберінде 11 грант өз несін тапты. Оған «Бір ауыл – бір өнім» жобасының финалистері және әлеуметтік кәсіпкерлер қатыса алады. Грант иелерінің әрқайсы 5 млн теңге көлемінде қаржылай көмек алды.

Халықтың көпшілігі қала немесе облыс әкімінің гранттарынан ғана хабарлар. Одан бөлек, нақты бір уақытта емес, жыл бойы ұйымдастырылатын қолдау шаралары бар екенін бірі білсе, бірі бейхабар. Мәселен, «Даму» қорының гранттары.

Өңірдегі «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы жанындағы іскер әйелдердің салааралық кеңесі төрағасы Алмагүл Абеваның айтуынша, «Даму» қорының, Ғылым қорының, «Assyltas» қорының, Еуропалық қайта құру және даму банкінің, «QazInnovations» Инновация-

ларды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігінің, жастарға арналған «Zhas project» жобасының, «Expo Women» халықаралық қорының қолдау шаралары бар.

– Олардың қаржыландыру көлемі де қомақты. Кейбірі 10 млн теңгеден басталып, 300 млн теңгеге жетуі мүмкін. Әрқайсысына қатысу шарттары түрлі. Толық білу үшін «Атамекенге» немесе мансап орталықтарына жүгінуі керек. Ол жерде толық ақпарат беріледі. Қайсыбір гранатта талап бар. Мысалы, бизнесіне 3 жыл болуы керек немесе жаңа бастап жатқан кәсіпкерлік. Жас ерекшелігіне, әлеуметтік мәртебесіне және басқа да шарттары болуы мүмкін. Бірақ, қалай болғанда да жобасы болса, барып көруі керек. Жоба жақсы болса, оны жүзеге асыруға мүмкіндік алады, инвестор табады, ең құрығанда, ақпараттық

қолдау көреді, – дейді Алмагүл Мағжанқызы.

Оның айтуынша, қазір басымдық IT, жасанды интеллект, цифрландыру бағытында. Нәтиже көру үшін осы бағыттарда жаңа жобалар ұсынған абзал.

– Осы бағыттар бойынша стартаптарды террикон алқабы жақсы қолдап жатыр, – дейді Алмагүл Абеева. – Террикон алқабымен жасалған меморандум аясында әйелдерді компьютерлік сауаттылыққа үйреттік. Жасанды интеллектті пайдалану бойынша келісім жасалып жатыр. Жалпы, кәсіп бастау бағытын көрсетеміз, инновациялық жобалар болса, көмектесеміз. «Даму» қорының, «Атамекен» палатасының өкілдерімен ауылдарға шығамыз.

IT, бағдарламалар жасау, эко жобалар, ескі заттарды қайта өңдеу сынды бағыттар сұраныста. Жакында бір конкурста болдық. 8 сынып оқушысы мата қалдықтарынан күнделікті тұрмыста қолданатын заттар жасап шығарды.

Қарағанды облысы әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын былтыр 11 қыз бала алды. Олардың арасында IT технологиялар, мәдениет және ғылым саласындағы креативті бизнес жобалар бар. Жеңімпаздардың әрқайсысы 2 млн теңгеден алды. Бизнесті гранттық қолдау жобалары биыл да жүзеге асырылады, қаражат қарастырылған.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің жарқын мысалдары қатарына Бұқар жырау ауданы Үштөбе ауылындағы «Супер Ботақан» балабақшасын айтуға болады. Ол «Монтессори топтарын ашу» жобасы бойынша грант алды. Сол сияқты «Қолданыстағы тігін өндірісін кеңейту» жобасымен «Қазық соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Балқаш оқу-өндірістік кәсіпорны да грантқа ие болып, кәсібін ілгерілетуге мүмкіндік алды.

Жеңілдетілген несие де көмек

Қолдаудың тағы бір түрі – «Кәсіпкер» кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік бағдарламасы бойынша жылдық 7%-бен жеңілдетілген несие беру. Бағдарлама 2023 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Кәсіпкерлік басқармасы дерегі бойынша бағдарламаның басты мақсаты – отандық өндірушілерді қолдау. Аталмыш бағдарлама аясында 377,6 млн теңгеге әйелдердің 13 жобасы қаржыландырылды.

Басқарма мамандары кәсіпкерліктің, оның ішінде, әйелдер кәсіпкерлігінің ең перспективалы салаларының бірі туризм екенін алға тартады. Өйткені, әйелдер қонақ үй бизнесін, агротуризмді, гастрономиялық турларды, колонер өндірістерін және туристік

агенттіктерді құруға белсенді қатысады. 2022 жылдан бастап, саланы мемлекеттік қолдаудың жаңа шаралары енгізілді, олар кәсіпкерлердің белсенділігін ынталандыруға бағытталған.

Бұл бағытта облыс деңгейінде бірқатар қолдау түрлері бар. Отыратын сегізден астам орны бар көлік құралын сатып алу шығындарының 25%-ы өтеледі. Туристік қызмет объектілерін салу/реконструкциялау кезінде жалпы құнының 10%-ы өтемақы ретінде қайтарылады. Сонымен қатар, жол бойындағы сервис объектілерін салатын болса, шығындардың 10%-ы қайтарылады. Ал, санитарлық-гигиеналық тораптарды күтіп ұстауға арналған шығындардың бір бөлігі субсидияланады. Қолдау мөлшері – айына 83 300 теңге.

Жаңа экономикалық саясат

Негізі, қала тұрғындарына қарағанда ауыл адамдарының кәсіп бастауына кедергі көбірек. Бұл мемлекет тарапынан қолдауға қатысты емес, адамдардың өздерінің талпынысына қатысты болса керек.

– Бұл тұрғыда ауыл мен қалаларда тең мүмкіндік жасауға тырысамыз. Бірақ, қаладағы әйелдер қандай да бір кездесу, курстарға тікелей барып қатыса алады, көпшілікпен араласып, жаңа идеялар алуы мүмкін. Осы жағынан артықшылық деуге болады. Әйтпесе, ауылдардағы кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан қолдау көбірек. Десе де, ауыл әйелдеріне жобалық жағынан алуандылық қажет. Көптеген әйелдер үшін дүкен ашса болды, басқа жоба қолға алмайды. Рухани баю, тәжірибе алмасу бағытындағы кездесулер ұйымдастырып тұрса да болады. Мұндай клубтарды кез келген әйел өзінің тұрғылықты жерінде аша алады, – дейді Алмагүл Абеева.

Кәсіпкерлерге берілген мүмкіндіктерге қарамастан, ел Президенті шағын және орта бизнесті қолдаудың кешенді шараларын қолға алуды тапсырды.

«Бізге Қазақстан экономикасының дамуы үшін жауапкершілікті өз мойнына ала алатын кәсіпкерлердің жаңа толқыны қажет... Мұндай адамдар әр өңірде бар. Оларға өз ісін дамытуға мүмкіндік беріп, шын мәнінде көмектесу маңызды», – деді Мемлекет басшысы.

Ұлттық экономика министрлігінің мәліметі бойынша әйелдер белсенді шағын және орта бизнес субъектілерінің 44,6%-ын немесе 638 089 бизнес субъектісін басқарады. Бұл кәсіпорындарда 1 миллионнан астам адам еңбек етеді. Бұл – елдегі шағын және орта бизнесте жұмыс істейтіндердің үштен бірі.

«АУЫЛ АМАНАТЫ»

Бүгінгі кәсіп – ертеңгі нәсіп

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында ауыл тұрғындарының табысын арттыру мен өңірлік кәсіпкерлікті қолдаудың маңызын бірнеше рет атап өткен болатын. Елде жүзеге асырылып жатқан «Ауыл аманаты» бағдарламасы – осы стратегиялық бастамалардың нақты іске асқан үлгісі. Бағдарлама – бүгінде мыңдаған ауыл адамына кәсіп ашуға мүмкіндік. Соның жарқын мысалы – Бұқар жырау ауданы, Ғабиден Мұстафин ауылында тұратын кәсіпкер Қарлығаш Тенселдің табысты тәжірибесі.

Қарлығаш Тенсел соңғы он жылдан астам уақыт бойы ет өнімдерін сатумен айналысып келеді. Өз ісіне адалдығы мен еңбекқорлығының арқасында ауыл тұрғындарының сеніміне ие болған кәсіпкер бүгінде бизнесін жаңа деңгейге көтерді.

– Кәсібімді кеңейтіп, дүкенді жаңартқым келетін. Бірақ, жаңа жабдық алуға қаржы жетіспеді, – дейді кәсіпкер.

Дол осы сәтте ол жергілікті әкімдіктің көмегімен «Ауыл аманаты» бағдарламасынан жыл-

дық 2,5% жеңілдікпен несие алу мүмкіндігі бар екенін біліп, бағдарлама аясында кәсіпкер 3 миллион 650 мың теңге көлемінде несие алды. Осылайша, бизнесін қайта жабдықтауға кіріскен.

Бөлінген қаражатқа заманауи тоназытқыштар, үлкен мұздатқыштар, витрина, ауа баптағыш, ет тартқыш пен кәсібі ет кесу станогы сатып алынады. Бұл жабдықтар өнім сапасын арттырып, тұтынушылардың сұранысын кеңінен қамтуға мүмкіндік берді.



Сурет шығармашылық студиясының ашылуы

– Қазір дүкенім бұрынғыдан әлдеқайда ыңғайлы әрі заманауи. Сақтау жағдайы жақсарды. Бұл – мемлекет тарапынан жасалған зор қолдау, – дейді кәсіпкер.

Қарлығаш Тенсел алған несиені 5 жыл ішінде өтеуге міндет-

телген. Оның айтуынша, мұндай жеңіл несие – шарттары ауылдық кәсіпкерлер үшін таптырмас мүмкіндік.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағида-

тын жүзеге асыруда әрбір ауыл тұрғынының нақты табысына әсер ететін құралдарды жетілдіру қажеттігін де ерекше атап өткен. «Ауыл халқының әл-ауқатын арттыру – ел дамуының басты шарттарының бірі. Сондықтан, ауыл-

дық жерлерде жұмыс орындарын ашып, кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға басымдық беріледі», – деген болатын Мемлекет басшысы Жолдауында.

«Ауыл аманаты» – осы сөздің іс жүзіндегі көрінісі. Қарлығаш Тенселдің кәсібі – ауылдағы әйелдер кәсіпкерлігінің көрінісі.

Айта кету керек, «Ауыл аманаты» бағдарламасы кәсіпкерлікті дамыту үшін, әсіресе, мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығына жеңілдікті кредиттер беру арқылы ауылдық жерлер мен шағын қалалардың тұрғындарын қолдауға бағытталған. Несие жылдық 2,5%-бен 5 жылға дейін, ал, мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін 7 жылға дейін беріледі.

Қарыздың ең жоғары сомасы 2,5 мың АЕК-ке дейін, ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту үшін – 8 мың АЕК-ке дейін.

Өз тілшімізден

Баға шектен шықпайды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында: «Аса тұрақсыз халықаралық жағдай қалыптасқан қазіргі кезде еліміздің азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызы зор. ...Тапшылықтың және азықтүлік бағасының жөнсіз қымбаттауының алдын алу үшін ауыл шаруашылық өнімдерін мемлекеттік тұрақты қорларға форвардтық бағалармен сатып алу мәселесін пысықтау қажет», – деген болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында нарықтағы баға бақылауға алынды. Сауда үстемесін асырған кәсіпкерлерге жаза күшейді. Тарқатылық...



Коллаж жасаған Арыстан Қосаева



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

сенімін сақтау негізгі басымдыққа айналады. Бақылау бар жерде тәртіп орнайды. Ал, тұрақты тәртіп үшін – нарық қатысушыларының өзара сенімі мен ортақ жауапкершілік мәдениеті қалыптасады.

2023 жылы өтпелі кезеңге қарамастан, осы бағытта алғашқы нәтижелер көріне бастады. Жыл қорытындысы бойынша 848 әкімшілік іс қаралып, оның 51-і бойынша 7 млн теңге көлемінде айыппұл салынса, 797 жағдайда ескерту берілген. 2024 жылы бақылау тетіктері толық іске қосылған соң, бұл көрсеткіш бес есе өсіп, 4 384 қаулы шықты. Оның ішінде, 284 айыппұл (16 млн теңге) және 4 100 ескерту тіркелді. Ал, осы жылдың 20 наурызына дейін 1 189 іс қозғалып, 70 айыппұл (5 млн теңге) және 1 119 ескерту рәсімделді. Бұл деректер мемлекеттік бақылаудың жүйелі жұмыс істеп тұрғанын және қабылданған шаралардың тиімділігін айғақтайды. Ал, Ұлттық статистика бюросының дерегіне, 1 сәуірдегі жағдай бойынша әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларының бағасы бір аптада орта есеппен 0,3%-ға қымбаттады. Дегенмен, қаңтар-ақпан айларымен салыстырғанда баға өсімі баяулады. Өткен аптада нан, қарақұмық, күнбағыс майы, айран және тұз бағасы өзгерген жоқ. Сыыр еті, қырыққабат пен картоп бағасы көтерілді. Көкөніс құнының өсуі маусымаралық кезең, қойма мен тасымал шығындары, сондай-ақ, коммуналдық тарифтердің көтерілуімен байланысты.

Бүгінде нарық – жай ғана сауда алаңы емес, елдің тамыры, қоғамның тыныс-тіршілігінің айнасы. Баға саясаты – осы жүйенің соғып тұрған жүрегі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен тұтынушы құқығын қорғау, әділ бәсекені қалыптастыру және цифрлы сауда алаңдарын ашық ету – басым бағытқа айналды. Қабылданған шаралар, айыппұлдар мен қайтарылған қаражаттар – алып нарық жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне арналған нақты қадамдар. Президенттің бастамасы әділеттілік пен тәртіпті нығайтуды көздейді. Тұтынушының даусы естілген жерде – заң үстемдігі орнайды. Кәсіпкерлердің жауапкершілігі артқан сайын, нарық тазарып, сенім бекиді. Цифрлы сауда көлеңкесіндегі заңсыздықтар да кезең-кезеңімен ашық алаңға шығып, әділ шешімін табады. Бұл – қоғам тұрақтылығы мен әділеттілігінің негізі. Мемлекет басшысы қойған міндеттер – уақыт талабы ғана емес, ел болашағының берік кепілі.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

Жастар

жалындаған

күн

«Жұмысшы мамандықтары жылында» «Қазақстан Республикасының үздік 100 колледж студенті» республикалық байқауының қорытындысы шықты. Байқау үш кезең бойынша өтті. Финалға 200-ге жуық үміткер шықты. Үздіктер атағы үшін оқу озаттары, халықаралық және республикалық жобалардың, WorldSkills чемпионаттарының, олимпиадалардың, байқаулардың, жарыстардың көшбасшылары мен белсенді қатысушылары бақ сынасты. Онлайн-дауыс беру және қазылар алқасының шешімі жүздеген жеңімпазды анықтады. Олардың ішінде Қарағанды облысындағы жеті колледж студенті бар.



Аяулым COBET,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде аймақта 52 колледжде 33 мыңнан астам студент білім алуда. Олар жұмысшы кадрларды 126 мамандық бойынша дайындайды. Топ-100 байқауының облыстық кезеңінде 69 студент сайысқа түсіп, олардың ішінен үздік ондық таңдалды. Олар республикалық кезеңге жолдама алды. Олардың әрқайсының жетістіктері, табысты жобалары бар.

Мысалы, Enaktus Kazakhstan жобасының қатысушысы Гүлпахат Құттыбаева өз алаңында жүнді қайта өңдеу бойынша бизнес-идеяны қорғап, оны іске асыра алды. Қарағанды технология және сервис колледжінің үшінші курс студенті DalaSkills өңірлік фестиваль-конкурстың жеңімпазы және WordSkills Kazakhstan республикалық кезеңінің жүлдегері атанды.

Разия Әбдуәлі Қарағанды тамақтану және сервис колледжінің екінші курсында оқиды, сонымен қатар, ісін жаңа бастаған кәсіпкер. Туған ауылында нәубайхана ашқан. Ауылдастары дәмді және сапалы тамақтанып, тұрақты жұмыс істеуі үшін жерлеріне пайда әкелгісі келеді. Ал, Әнел Тікенова – Bolashaq колледжінің студенттер парламентінің президенті. Қазақ әдебиетін жақсы көреді, оқырмандар байқауына белсенді қатысып, жетістіктерге жеткен.

Теміртау жоғары политехникалық колледжінің төртінші курс студенті Айбар Жоланов – металлургиядан халықаралық олимпиаданың жүлдегері. Астанадағы «Жұмысшы мамандықтар қаласы» республикалық фестиваліне қатысып, өзінің колледжі мен металлургия мамандығын ұсынды. Болашақта саладағы жаңа шешімдерді іздестіріп, металл өндірудің инновациялық технологияларын әзірлеуге қатысқысы келеді.



Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлеуметтік маңызы бар азықтүлік бағасын негізсіз өсіруге жол бермеу үшін салалық департамент сауда үстемесіне қатысты бақылауды күшейтті. Биыл заңнамаға енгізілген өзгерістер бойынша енді сауда үстемесін бұзған кәсіпкерлерге бірден айыппұл салынады. Ал, тұтынушылардың құқықтарын қорғау бағытында 12 млн теңгеден астам қаражат иелеріне қайтарылған. Облыс бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Жанат Асантаев сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында әкімшілік Құқық бұзушылық туралы кодекс бойынша негізгі өзгерістер бақында бұқаралық ақпарат өкілдерін хабардар етті.

Әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларының бағасын тұрақтандыру үшін Үкімет жүйелі және бақылау шараларын қабылдауда. Салалық департамент нарықтағы бағаның өсуіне жол бермеу мақсатында тауар үстемесінің 15%-на қатысты бақылау жұмыстарын тұрақты негізде жүргізеді. Жалпы есептік кезеңде сауда саласының 59 кәсіпкерлік субъектісі әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оның 57-сі сауда үстемесін асырып келген. Биыл әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарлары бойынша шекті сауда үстемесінің сақталуына мемлекеттік бақылауды күшейту мақсатында

қолданыстағы заңнамаға жауапкершілікті қатайту бойынша түзетулер енгізілді. Атап айтқанда, ескерту әкімшілік айыппұлға ауыстырылды. Мысалы, өзгеріс енгізілгенге дейін кәсіпкерге айыппұл заң бұзушылық қайталанған жағдайда ғана салынған болса, ендігіде сауда үстемесін сақтамағаны үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне 5, орта кәсіп өкілдеріне 35, ірі кәсіпкерге 150 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Егер бір жыл ішінде бұл заң бұзушылық қайталанатын болса, айыппұл көлемі екі есе еселеді. Өзгерістер осы жылдың 13-наурызында күшіне енді. Бұл өзгерістердің мақсаты – әлеуметтік маңызы бар өнімдерге баға тұрақтылығын қамтамасыз ету және бағаның негізсіз өсу тәуекелдерін төмендету. Қазір сауда нүктелеріне бақылау күшейтілуде. Айта кету керек, 2023 жылдың сәуір айынан бастап, әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларына баға белгілеу бойынша мемлекеттік бақылау функциялары әкімдіктерден Сауда және интеграция министрлігіне берілді. Бұл қадамнан кейін бақылау күшейтіліп, нарықта негізсіз алыпсатарлықты жою бойынша жүйелі жұмыстар басталды.

– Тұтынушы құқығын қорғау саласына келетін болсақ, басты назар азаматтардың өтініш үлгілеріне салынады. Биылдың бірінші тоқсанында департамент мамандары 632 өтінішті қарап, әр тұтынушының нақты сұранысына тиісінше түсініктеме

берді. 119 тұтынушы, жеке мәселелері бойынша қабылдауға келді. Тұтынушыға қайтарылған қаражат көлемі 12 752 159 теңгені құраған. Шағымдардың көп бөлігі электронды сауда саласына тиесілі, – деді спикер.

Негізгі мәселелердің сап басында тауар сипаттамасының нарыққа сәйкес келмеуі, сатушы тұрасындағы дәйекті мәліметтің жоқтығы және қаражатты қайтарудағы қиындықтар жайттары тіркелген. Бөлшек сауда секторы шағымдар саны бойынша екінші орында. Иә, нарықтағы тәртіп – тек бақылау мен айыппұл арқылы емес, кәсіпкерлердің жауапкершілігі мен тұтынушы мәдениетінің қалыптасуы арқылы орнығары аян. Мемлекет шекті сауда үстемесін заңмен реттеп, әкімшілік шараларды күшейтті. Бұл – сайып келгенде, нәтиже беретін нақты қадам. Бірақ, баға тұрақтылығы мен әділ сауда жүйесі ұзақ мерзімді реформалар мен ашық бәсекелестікке негізделеді. Тұтынушылардың белсенділігі, құқықтық сауаттылығы артқан сайын нарықта да әділеттілік салтанат құрады. Қайтарылған қаражат тек қаржылай көрсеткіш емес, азаматтардың өз құқығын қорғауға деген талпынысының айғағындай. Электронды саудадағы заңсыздықтар, сатушы туралы анық ақпараттың жоқтығы – нарықтың цифрлы сегментінде шешімін күткен мәселелер легінен. Бұл бағытта да нақты реттеу, сапалы бақылау, және ең бастысы – тұтынушы

Ғалымдар даму көшін бастайды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жоғары білікті ғалымдарды даярлау кадрлық әлеуетті дамытуда маңызды рөл атқарады. Осы бағытта жыл сайын орта есеппен 905 докторант және 20 мыңға жуық магистрант шығады.

Егер ғылыми-зерттеу орталықтарына келсек, өңірдегі ерекше ғылыми кешендердің бірі – аты әлемге танылған «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы.

Қарағанды облысындағы ғылыми-зерттеу орталықтарының көш басында тұрған орталық халықаралық деңгейде мойындалған ғылыми мектеп қалыптастырды. Мұнда 17 докторлық, 60-тан астам кандидаттық диссертация қорғалып, 20 PhD және 30-дан аса магистр даярланған. Осы орайда 17 елдің 150-ден астам шетелдік ғалымдарын біріктіретін Халықаралық орталық – Қарағандының ғылымға қосқан үлесін айшықтайды.

Жас ғалымға жол ашық

Ғылым және жоғары білім министрлігі 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға конкурс өткізіп, «Жас ғалым» ұлттық жобасы аясында жас мамандарды қолдауға 86 миллиард теңге бөлді. Гранттық қаржыландыру

бойынша республикалық байқауда Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің жас ғалымдарының жалпы сомасы 200,3 млн теңгені құраған төрт жобасы мақұлданып айна кеткен жөн.

– Антибактериалды, қабынуға қарсы және антиоксиданттық әсері бар табиғи заттар негізінде азот қосылыстарын синтездеудің тиімді әдістерін әзірледік. Бұл жоба туберкулезге шалдыққан науқастарды емдеуге көмектеседі. Препараттардың жіті бактериялық инфекциялар кезінде тиімділігі жоғары, – деді жобаның ғылыми жетекшісі Жанар Рахымберлинова.

Сондай-ақ, ғылымды дамытудың бір бағытын негізге алған Қарағанды облысындағы құны 2 млн теңге болатын «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты үлестірілді.

– Ғылым мен техника біздің өмірімізді жеңіл және жайлы етеді. Жастарды ғылымға тарту үшін, ең алдымен, оның қолжетімді және қызықты болуын қамтамасыз ету керек. Қазіргі кезеңде ақпараттық технологиялар дамығандықтан ғылымды әлеуметтік желілер арқылы танымал ету маңызды. Жастар TikTok, YouTube, Instagram сияқты платформаларда көбірек уақыт өткізеді. Сондықтан, ғылымды сонда насихаттау қажет. Гранттар, стипендиялар, ғылыми тағылымдамалар сияқты мүмкіндіктер көбінесе жастар ғылымды мансап ретінде

қарастыра бастайды. Оған қоса, табысты жас ғалымдарды насихаттау да зор мотивация, – деді «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының жеңімпазы Назерке Амантаева.

2023 жылы облыста ғылымда жүрген жастарды үймен қамту да тың жолға қойылды. «Отбасы банкпен» мақұлданған жеңілдетілген несие беру бағдарламасы ғылымға жас кадрлардың келуін ынталандыру мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасымен қолға алынды. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің 14 жас ғалымына пәтер сертификаттары табысталды.

– Талантты оқытушылар, ғалымдар мен қызметкерлер еңбегі бағаланғаны қуантады. Осындай қадамдар еліміздің ғылыми әлеуетін арттыра түседі, – деді пәтер сертификатты иеленген жас ғалым Маржан Елеусіз.

Әлеует көтеру – маңызды

– Кейінгі 4-5 жыл ішінде ғылым мен білімге құйылған қаражат артты. 2020 жылдары университеттің қаражаты 300 млн теңге шамасында болса, қазір 2,5 млрд асты. Нәтижелері шығатын конкурстан кейін қаржыландыру мөлшері 3 млрд теңгеден асады деген ойдамыз. Бүгінде университет қабырғасында 400-ден астам ғалым бар, оның 30%-ы – жастар.



Жас ғалымдар Қытай, Түркия, Өзбекстан және басқа да шет елдерге шығып, білімдерін арттыруда. Ханьян университетінің өзіне 15 жас барып қайтты. Кейінгі жылдары жас ғалымдарды қолдауға 150 млн теңге бөлінген. Жақында ғана 8 ғалым әрқайсы 1 млн теңгеден грант алды. Университет тарапынан ғалымдарға пайызсыз ссуда берілетінін білесіздер, оған 80-90 млн-ға жуық ақша бөлініп, ғалымдарға көмек көрсетілді, – деді

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің ректоры Нұрлан Дулатбеков.

Елімізде ғылым саласындағы білікті кадр тапшылығын шешу үшін отандық ғылымның әлеуетін көтеру – маңызды.

Президент «Ғалымдар отанымыздың ғылыми-техникалық даму көшін бастауы керек. Себебі, ғылым мықты болса, мемлекетте қуатты болады», – деді. Ғылым және жоғарғы білім мини-

стрлігінің деректеріне сүйенсек, қазіргі уақытта қазақстандық студенттердің 90%-дан астамы бакалаврда, 8-9%-ы магистратурада және 1%-ы ғана докторантурада оқиды. Отандық жоғары оқу орындарында әлеуетті ғалымдардың резерві өте шектеулі. Сондықтан, алдағы жылдары студенттерді ғылымға тартуға және оны жастар үшін тартымды әрі перспективалы етуге басымдық беріледі.

Суреттер ашық дереккөзден

• ҒАЛЫМ-ПСИХОЛОГ СӘЛКЕН БАЛАУБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 125 ЖЫЛ

Тағдыр талқысына мойымаған ғалым

Биыл академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде мерекелі жыл. Ол – қарашанырақтың алғашқы ректоры академик Евней Арыстанұлы Бөкетовтің 100 жылдығы. Осы атаулы кезең бүкіл қазақ елінде, тіпті шет елдерде де аталып өтуде. Ғылыми орданың алғашқы құрылу кезеңдерінде университетте көптеген мамандықтар ашылған еді. Соның бірі – «Психология» мамандығы. Осы психолог мамандарды даярлау негізін қалаған алғашқы кафедра меңгерушісі Сатыбалды Мұқағайұлы Жақып та 75 жаста болар еді.

Кафедра үшін және Қазақстандағы психология ғылымы үшін, ерекше орын алған, «Алаш доценті» атанған ғалым-психолог Сәлкен Балаубаевтың 125 жылдығына арналған шаралар да ұйымдастырылуда. Кезінде 1972 жылы Евней Бөкетов өзі жұмысқа профессор лауазымына шақырып, өмірінің соңына дейін педагогика, психология кафедрасының профессоры болған. Олар 1959 академик Е.Бөкетов Қарағандыдағы Қазақ КСР Ғылым Академиясының Химиялық-металлургия институтының директоры болған уақыттан бастап, тығыз достық қарым-қатынаста араласқан екен.

Халқымыздың ғасырлар бойы біртіндеп қорланып қалыптасқан рухани қазынасы тоталитарлық тәртіп кезінде орасан зор күйзеліске түсіп, тоқырап қалғаны қазір екінің біріне мәлім. Бұл жағдай халқымыздың ескелен мәдени-ғылыми көтерілуіне, ғұлама тұлғаларын анықтауға, өзінің табиғи-дарындық ерекшеліктерін көрсетуге көптеген нұқсанын тигізді. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» – демекші, бұл мақала қазақтың алғашқы ғалым-психологтарының бірі: психология ғылымдарының кандидаты, профессор Сәлкен (Сауытмұхамед) Балаубаевтың қиын да қиы өмір жолы мен Қазақстанның психология ғылымына қосқан үлесі туралы.

«Сәлкен Балаубаев Қазақ дала-сына алғаш психология ғылымын қазақ тілінде сөйлеткен ғұлама ғалым, ұстаз», – деп еске алуды көзкөрген қарт ұстаз, білім үздігі Мұса Тайтөлеуұлы. Біздің өткенімізде елеусіз қалған, тіпті, жойылып кеткен ғылыми ой-тұжырымдары мол, ғылым мен білімге, халық болашағы – жастарды тәрбиелеуге арналған еңбектері бар атаусыз қалған Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаевтардың қатарында сонау 1937-1938 жылдары «Халық жауы» аталып кеткендер әлі де болса, зерделуді, зерттеуді талап етеді. Соның бірі – қазіргі кезде өзекті ғылым педагогика, психология ғылымдарын зерделеген, психология ғылымдарының кандидаты, профессор, академик Сәлкен Балаубаев.

Ақын, мұғалім, неміс, орыс, араб, өзбек тілдерінен латыншаға да, кириллицаға да аударған Сәлкен Балаубаевтың ғылыми-психологиялық ойлары, оның басқару жүйесі бүгінгі таңда кімде-кімге болса да үлгі боларлықтай (шәкірттер естеліктерінен). Ғалымның сол XIX ғасырдың 20-жылдары көтерген психологиялық, педагогикалық мәселелері қазіргі кездегі еліміздегі жаңғырған көптеген ғылымдардың ішіндегі психология ғылымының заманауи дамуында өз орнын табуға тиіс. Мұндай дарындылық тек адами қасиеті жоғары, білім, ғылымға құштар, дүниетанымы ұшан-теңіз, бергенінен берері көп адамға ғана тән.

С.Балаубаев бойынан жастайынан білімге деген ұмтылысы, қызығушылығы бойында қалыптасқандығын аңғаруға болады. Ол Қарағанды облысының және оның кейбір аймақтарының, атап айтқанда Байдәулет (Бұқар жырау өңірі), Еркіншілік ауданының орталығы (қазір – Ақмола облысының Ерейментау ауданы), Асан Қайғы ауданы (қазіргі – Жаңаарқа ауданы) құрылуының бастауларында бастамашыл, көрген, сыншыл, өмір белестерін сараптаушылығы жоғары екендігін көреміз. (Бұл деректер Жаңаарқа аудандық сотының сайтында көрсетілген). Ол кезде ғалым небәрі 23 жаста болатын. Болашақ ғалым С.Балаубаев – 1900 (1901) жылдың 28 (15) сәуірінде, Жаңаарқа ауданында қарапайым отбасында дүниеге келіп, 1974 жылы 74 жасында қайтыс болды. Ал, көнекөз Мұса Тайтөлеуұлының пайымдауынша, Жаңаарқа ауданының «Жайылма» ауылында дүниеге келген. Оның балалық шағы ауылда өтіп, жасынан қой, сиырды сауып, атқа мініп, бөйгеге қатысты.

Ғалым өмірбаянында Сәлкен (Мұхамедсалық) Балаубайұлы Балаубаевтың 1900 жылы Ақмола қаласы маңындағы Май-Балық көлінде қарапайым қазақ көшпелі отбасында

өмірге келгендігін баяндайды.

Бір күні Балаубайға оның күйеу баласы кәсіпкер Әубәкір Сейткемеловтің Қарағандыдан қырық шақырым жерде Спасск кентінде жеке дүкен ашқаны туралы хабар жетеді. Жасөспірім Сәлкен туысына сағушының көмекшісі болып орналасады, сауда кәсібін табысты игереді, сатып алушыларды табады, олармен жақсы байланыс орнатады. Спасскіге қоныстануға және жұмыс істеуге мәжбүр болғанда дүниеге қайта келгендігін көрсеткен. Өзінің Спасскідегі балалық шағы туралы естеліктері «өте қызықты, бақытты шағым» деген екен.

Он жасында балаларға ескіше жазу, сызуды үйретеді. Осы уақытта Спасскіде граммофон билеті 1 рубльден лотереяда 150 рубльге ойналды. Граммофон кішкентай Сәлкенге де жетті, ол кезде ол 11 жаста еді. Сәлкен граммофонды өзіне қалдырмай, оны ағылшын мыс қорыту зауытының приход мектебінің жетекшісіне, мұғалімге апарып берді және мұғалім оны бастауыш білім бергенге дейін кешке жеке оқытады деп келісіпті. 1911-1916 жылдары онымен бірге оқи отырып, Сәлкен Балаубаев приход мектебінің көлемінде 7 класс білім алды. Өмір оның әкесі – Балаубайды кедей отбасын аяған жоқ. Қыстақ жанында ағылған өзен жағадан шығып, шөп шабатын жерлерді толтырып, егін алқаптары өртеніп, мал азықсыз қалды.

Өзінің қабілетті алғырлығының арқасында сауатын ашып, әрі қарай білімін жетілдіруге, жоғары оқи орындарына түсуге ұмтылады. Ол 2 жылда Құран сүрелері бойынша қасиетті канондарды зерттеген. Дүкенде жұмыс істей жүріп, ол орыс-қырғыз мектебінде оқиды, көркеменерпаздар үйірмесіне мәдени-ағартушылық клубының жұмысына белсенді қатысады. Сәлкен 16 жасқа толғанда, оған клуб меңгерушісі қызметін сеніп тапсырып, Спасск мыс балқыту зауытының жұмысшыларын тұтыну кооперациясы басқармасының мүшесі болып сайланады. С.Балаубаев Ақмола қаласында революционер Сәкен Сейфуллиннің «Жас қазақ» жастар қоғамының филиалы ретінде «Жас жүрек» Спасск зауытының жұмысшыларын ұйымдастырады. Сол кезде Қарағандыда 8-ші рет аймақ тарихында бірінші рет жастар қоғамы қойылымдар қойды. Сәкен Сейфуллиннің «Бақыт жолында» пьесасын алғашқы қойылымын Сәлкен сахналады. Әлі жарияланбаған пьесаны жоба түрінде Балаубаевқа Сәкен Сейфуллиннің өзі берген.

Ауыр өмірден шаршаған Балаубай отбасы туған ауылды тастап, Ақмолаға көшеді. Отағасы көпес Матвей Кубринге малшы болып жалданады.

Осы күндері Астананың бірнеше тарихи орындары Кубриндердің көпес әулетінің атымен тығыз байланысты. 1905-1907 жылдары салынған Бөкейхан мен Кенесары көшелерінің қиылысында орналасқан көпке «Астана» дүкені жақсы таныс Степан Кубриннің ағасы Матвей Кубринге тиесілі болды. Осылай Балаубаевтардың өмірі жақсара бастайды. Алайда, Сәлкен білімге жанығырған құштар, ізденімпаз зиялылардың еңбектерімен танысуды армандайды.

Қызыл Армия бөлімшелерін жабдықтау жөніндегі революциялық комитеттің хатшысы болып жұмыс істейді. 1920 жылы ол Ақмола революциялық комитеті болып тағайындалып, маусымнан желтоқсанға дейін Байдәулет революциялық комитетінің төрағасы (қазіргі Қарағанды облысы, Бұқар жырау (Ульянов) ауданы) болып жұмыс істеді. Біраз уақыттан кейін Сәлкен Байдаулет ревкомының төрағасы, одан кейін Ақмола, Петропавл қалаларының халық судьясы, губерниялық атқару комитетінің хатшысы болып сайланады. Балаубаев Кеңестердің волостық съезін өткізіп, казактың талантты жұмысшыларының бірі ретінде танылып, Қарағанды облысының Ақмола қаласына шақырылды. 1921 жылдың тамызынан 1922 жылдың маусымына дейін Ақмола уездік атқару комитетінің жауапты нұсқаушысы және Поволжьедегі аштыққа көмектесу жөніндегі округтік комиссия төрағасының орынбасары болып қызмет атқарды. Жұмыс барысында жас басшы өзінің алған ісіне жауапты, адал, тыңғылықты екенін көрсеткен. Әрі қарай ол әдеби қызметпен айналысуды қатаң түрде шеше отырып, қызмет етуден бас тартады. «Бостандық туы» («Знамя свободы») Ақмола губерниялық газетінің редакциясында әдеби қызметкер болып жұмыс істейді.

1924-1925 жылдары Ташкент қаласына барып, жұмысшы факультіне

тетіне түсіп, оны үздік бітіргеннен кейін Орта Азия мемлекеттік университетінің психология-педагогика факультетіне түсіп, 1929 жылы 27 жасында үздік аяқтайды. Орта Азия университетінде Шыңғыс Айтматовтың әкесі Төрекұлмен бірге оқып, Нағима атты шешесімен өте жақсы таныс болған екен. Достық қарым-қатынаста болады. Сонымен 1928 жылы Шыңғыс дүниеге келгенде атын Шығыс деп қойған екен. Ол кезде Шыңғыстың әкесі мен Сәлкен Шығыстану факультетінде оқып жүрген. Кейін Шыңғыс аталып кетіпті.

Университетті бітірген соң Ташкенттегі Орта Азиялық еңбекті ұйымдастыру және сауықтарын институтының психикалық-техникалық лабораториясында бастық болады. Осы кезде «Ташкенттегі жасөспірімдердің кәсіптік бағдарламасы», «Мақта тазалайтын Джин машинасын меңгеру мамандығы», «Ташкенттегі өндірістік мекемелердің санитарлық-гигиеналық шаралары» деген еңбектерін бастырып шығартады. Осы жылдары ол психология, педология ғылымдары саласында бірнеше еңбектер жазды. Т.Барановпен бірлесіп «Вопросы конструирования национального теста» («Советская психотехника», 1933, №1), «Мектеп группаларын комплектеу» (Алматы, 1934), «Қиын бала», «Политехникалық мектеп», (1933, №7-8), профессор А.Залкиндтің «Педологисын», профессор П.Шимбиревтің «Педагогика» оқулықтарын қазақ тіліне аударды. Осы еңбектерде психологиялық терминдердің қазақша баламасы көп кездеседі. С.Балаубаев еңбектері қазақ психологиясының тарихынан елеулі орын алады. «Мектеп группаларын комплектеу» (Қызылорда, 1934, 16 бет) атты еңбегінде психология тұрғысынан сынып ұжымын құру жайында ақыл-кеңес береді. «Автор оқушыларды бірыңғай бөлу қажет, өйткені, әр баланың оқу қызметі түрлі болса, топтың оқу жұмысы қиынға соғады, олар қып жетілуі мен дене бітімі жағынан да бірыңғай жақын болуы тиіс. Бір топ дене жетілісі ұзылы-кішілі болып, үлкен бала мен кішкене баланың қатар отыруы, бала психологиясына орайласпайды, үлкендігің таудай бала мен үлкендігі құлындай баланы қосып оқытуға болмайды. Оқушылардың сезім-эмоция, ерік-жігер ерекшеліктеріне орай класс тобы төмендегіше құрылғаны дұрыс: «Эмоция – қайрат өзгешелік жағынан топ түрлі болуы керек, өйткені, оқу тобының бірін ылғи ұйымшыл, екіншісін ылғи ұйымсыз балалардан, бірін ылғи пысық балалардан, екіншісін ылғи сылбыр балалардан, біріншісін – ылғи бастаған ісін аяқтай алатын табанды балалардан, екіншісін – ылғи бастаған ісін тастап кететін тыңғылықсыз балалардан түзуге болмайды» (С.Балаубаев Ұлағат порталы / 1934, 5 том, «Қазақстан әдебиеті» мақаласы).

1930-1932 жылдары Ташкент қаласындағы Қазақ педагогикалық училищесінде сабақ береді, Орта Азиялық әлеуметтік қорғау ғылыми-зерттеу институтының зертха-насын меңгереді. Сондай-ақ, Қазақ КСР Халық ағарту комиссариатында балалар әдебиеті бөлімінің төрағасы болған. Ол әдеби энциклопедияда ақын ретінде көрсетілген. 1932 жылы аталған еңбектерінің жарық көруіне байланысты Қазақстандағы ВАК (төрағасы Менделеев) психология ғылымдарының кандидаты және доцент атағын қоса береді. 1932-1935 жылдар аралығында КазПИ-інде психология кафедрасының меңгерушісі. Орал қаласындағы педагогикалық институтқа доцент болып аусыады, осы жерде қазақша «Психология» кітабын жазып шығарады. Бірақ, бұл еңбектерін С.Балаубаевты «Халық жауы» деп тұтқындап, соттағанда ортеште жібереді. С.Балаубаев 1932-1937 жылдары Алматы, Орал, Қарағанды педагогикалық институттарының кафедра меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1935 жылы Распеннің «Мюнхаузен оқиғалары», Лермонтовтың «Демонын», Куприннің «Олеся» деген әңгімесін аударып «Қызыл Қазақстан» журналына жариялатуға барған кезден басталған С.Балаубаевтың ұстаздық, ғылыми тағдыры бес статьямен 1937 жылдың қараша айында қайнаған ғылыми-педагогикалық қызметі кезеттер үзледі. Оны ОГПУ қызметкерлері қамауға алып, 20 жыл бас бостандығынан айырады. «Алаш» партиясына мүшешелігі үшін «халық жауы» белгісі «Қазақстан Болышевик» журналында «Пролетар студенттерін коммунистік тәрбиелегені үшін» тақырыбындағы аймақтық партия комитетінің үгіт-насихат және насихаттау бөлімі



қызметкерінің мақаласы тұтқындауға себеп болды. С.Балаубаевтың «Халықаралық топқа» қатыстылығы туралы іс бойынша материалдарла ол оны ұйымдастырушылардың бірі деп аталды. 1954 жылы қамаудан оралған соң, С.Балаубаев өзінің қызы тұрған Теміртау қаласындағы мектептердің біріне логика мұғалімі болып орналасады. 1956 жылға дейін ПМ арнайы ұсынысының тұрақты бақылауында болады. 1956-1957 оқу жылының басында Қарағанды педагогикалық институтының ректоры Сейітқали Баймурзиннің ұсынысы бойынша С.Балаубаев доцент атағына қайта қабылданып, педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалады.

1956 жылы № 22/179-н ұйғарымымен Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы С.Балаубаевтың барлық құқықтағы қалпына келтіріліп, ақталды. Сол 1956 жылдан бастап ол Қарағанды педагогикалық институты мен университетіде психология кафедрасының доценті және педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс істеді, сонымен қатар аспиранттардың психология бойынша ғылыми жұмыстарына жетекшілік етті. Қазақ КСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы Балалар әдебиеті секциясының төрағасы қызметін қоса атқарады. Ол педагогтарды психологиялық даярлаудың бірегей жүйесінің авторы.

Сондай-ақ, ол белгілі тұлғалар Әлімхан Ермеков, Жайық Бектұров, Сәидиль Талжанов, Жұмабай Орманбаев, Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсірепов, Ислам Жарылғапов, Гали Мусалитимов және басқа да қоғамның ғалымдарымен жұмыс істеді, араласып, достық құрды. Ғабиден Мұстафин, Ислам Жарылғапов ғалымның бала кезден достары болған.

Сәлкен Балаубаев сол кезде құрметті атаққа ие болған төрт ғалымның бірі болды. Оның тыңдаушыларының арасында кейіннен көрнекті мемлекет, қоғам қайраткерлері, Қазақстанның ірі ғалымдары болған студенттер – жазушы Әди Шәріпов, Қазақ КСР ағарту министрі Кенжалы Айманов, КСРО Педагогика Ғылымдары Академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин болды.

С.Балаубаев психологиялық қоғамның республикалық, бүкілодақтық съездерінің, XVIII Дүниежүзілік психологтар конгресінің делегаты болды. Институт ректорының Балаубаевқа көрсеткен сенімі абыроймен ақталды. Қысқа уақыт ішінде ол оқу-әдістемелік және ғылыми-педагогикалық жұмыстың көптеген бағыттары бойынша орасан зор еңбек атқарды. Кафедра меңгерушісі, аспиранттар мен студенттердің ғылыми жұмыстарына жетекшілік етті. Оның жұмыс істеген уақытында кафедрада Ескендір Сәдуақов, Теміртай Қамжабаев, Светлана Матяш. т.б. қызмет істеді. Онымен қатар, ғалымның басшылығымен Мейрам Иманбеков, Заманбек Ахмедин, Бақыт Орманбаев, Василий Верхов, Бахи Хамзин, Василий Иванович Щербина сияқты танымал адамдар кандидаттық диссертацияларын қорғады.

Сәлкен Балаубаевтың 100 жылдық мерейтойы, ғалымның сол кезде

Айгүл Омарова атасын еске ала отырып: «Знания и ум молодого ученого помогли выжить Салкену в тяжелейших условиях лагерных лет. Даже здесь он завоевал авторитет и уважение не только среди политзаключенных, но и среди уголовных преступников, которые дали ему прозвище «Академик». После освобождения Салкен Балаубаев отправился на поиски своей жены Александры Галиховской, с которой прожил совместно 30 лет. Он обнаружил в Москве ее могилу...» дейді. Сәлкен Балаубаев босағаннан кейін Теміртауда тұратын өзінің алғашқы әйелінен туған Құланда деген қызын тауып алады. Ол кезде оның төрт баласы бар еді. Бір ер баласына әкесінің есімі жойылып кетпесін деп Қанат Балаубаев деп қойған екен. Қызы (12-13 жаста) әкесін Оралда тұтқындағанда НКВД-лықтардан бірер ескі фотосын тығып қалады.

Енді кезінде жойылып кеткен еңбек тізімдеріне қысқаша көз жүгіртсек: 1930 жылы Ө. Тұрманжановпен бірігіп жазған «Еңбек пен мектеп» оқулығы; «Психология межличностных отношений в колониальном ауле и их изменения при социализме»; «Сборник школьных групп» аударма (1934); «Алғашқы мектеп жасындағы балалар ерекшеліктері» «Қазақ мектебі» журналы; «Қазақ тіліндегі психологиялық-педагогикалық ғылыми терминдерді нақтылау мезгілі жетті» атты мақаласы «Орталық Қазақстан»; Педагогическая повесть «Воспитание в трех семьях»; «Метод Бине-Симона, приспособленный к исследованию умственного развития казахских детей» Орта Азия балаларын зерттеу әдістері (сборник статей САГУ) 1930 ж.; «Профессиональная ориентация подростков-юношей». Ташкент қ. 1931 ж. «Развитие трудовых навыков и овладение профессией хлопко-очистительной машины (ДЖИН» 1931 ж.; «Гигиенические условия производственных помещений г. Ташкента» 1932 ж.; «Психологические возрастные особенности» 1932 ж.; «Трудный ребенок» «Политехническая школа», 1933 ж. т.с.с. (Еңбектері толықтырылуда). Сәлкен Балаубаевтың бұл еңбектерінде қазіргі жағдайдағы психология және басқа ғылымдарда қозғалып жатқан көптеген мәселе ғылыми түрде зерттелген. Ендеше, С.Балаубаевтың бұл салаға қосқан үлесі ұшан-теңіз. Мұндай ұстаз-ғалымның аты да, еңбектері де Қазақстанның рухани байлығының өзегі боларлық. 2023 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ректоры Нұрлан Дулатбековтің басшылығымен даярланған «Қалдырған ізі мәңгілік» атты университеттің қалыптасуына өз үлесін қосқан ғалымдар мен оқытушылар жайлы еңбекке С. Балаубаев есімі енгізілді.

Ал, өткен жылы академик Е.Бөкетов университеті басылығының қолдауымен Бибісара Әубәкірқызының «Аты – аңыз, өмірі – өнеге ғалым, психолог Сәлкен Балаубаев» атты еңбегі шығып, Қарағанды университетінің философия және психология мен филология факультеті орналасқан 8 ғимаратында мемориалдық такта орнатылды. Үстіміздегі жылы еске алу шарасының жалғасы Сәлкен Балаубаевтың 125 жылдығына орай ғылыми-практикалық конференция және басқа шаралар ұйымдастырылуда. Бұл шара аясында, осы оқу орнының психология мамандығы бөлімінің түлегі Гүлзат Асанова бастаған «Қазақстан Психологтар одағы» елеулі үлес қосқандығын айта кету керек.

Демек, ғалым-ұстаздың есімі жастар жүрегі мен халық аудиториясында мәңгі сақталуға тиіс және оның еңбектері бүгінгі «Жаңа Қазақстанды» қалыптастырушы жастар психологиясының жанаша дамуына үлесін қосады деген сенімдемін.

Ғалымның өмір мен еңбек жолы заманауи жастардың бойында рухани қалыптасуына, патриотизмін, ұлтына деген жанашырлығын, табандылығын, парасатшылығын дамытуға үлгі болып, ұрпақ жүрегінде ұялауы тиіс деген ойдамын. Ғұлама ғалым, ұстаз, профессор Сәлкен Балаубаев есімі Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин сынды ұлы тұлғалармен қатар ескеріліп, мектеп, көшеге есімі берілуі тиіс деген көзкөргендер мен шәкірттерінің пікірін, ұсынысын, қазақ қауымы, оқырмандары, ұстаздарының қолдауын сұраймын.

Бибісара ӘМІРОВА,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу
университетінің профессоры,
ҚР ПҒА академигі,
психология ғылымдарының
докторы,
профессор

Ұстаз, ғалым Мейрам ЖҰМАБЕКОВ – 50 жаста

Мейрам және мейірім



Ұлы қаламгер Әбіш аға Кекілбаев: «Адам нәсілін жер бетінде баяндаып тұрған бірден-бір күш – мейірім мен рақым ғана», – деген екен. Ширек ғасырдан астам қоян-қолтық араласып, қызметтес болып келе жатқан Мейрам Кеңесұлы бауырым туралы ойлана қалсам, Әбіш ағаның осы сөздері есіме түседі. Мейірім сөзі Мейрам бауырыммен бірге туып, бірге жасасып келе жатқандай. Мейраммен сөйлесе қалсаңыз, сөзінің нүктесі рақметпен бітеді. Таусылмайтын шексіз рақмет... Адамдарға рақмет айтудан асқан бақыт жоқ шығар деп ойлаймын. Сондықтан да, Мейраммен сөйлесу, сырласу кез келген адамды жан шұағына бөлейді.

Қазақстан жоғары оқу орындарындағы тарихы тұрғысынан екінші университет біздің Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті екендігі белгілі. Ал, сол университеттегі журналистика мамандарын даярлайтын бөлімі де еліміздегі оқу орындары ішіндегі тарихы жағынан екінші орында тұрған мамандық ошағы. Отыз жылдан астам тарихы бар осы журналистика кафедрасын Мейрам Жұмабеков он бір жыл басқарды. Жас еді, алғыр еді... Журналистика кафедрасының жылнама-сында Мейрам Кеңесұлының алғаусыз еңбегі, тынымсыз күндері уақыттың өшпес бедеріне айналды. Ең бастысы осы жылдар еңшесінде «Журналистика» мамандығына қосымша «Қоғаммен байланыс» атты жаңа мамандық ашып, талай жастың білім жолында бағын жандыруы дер едік. Ал, университетте жаңа мамандықтың ашылуы тынымсыз еңбек пен маңдай тердің, таусылмайтын күжат-қағаздардың жұмысы екендігі айтпаса да белгілі.

Кеше ғана ағалап жүрген сол Мейрам бауырымыз биыл елу деген еңселі жастың та-

балдырғын аттағалы отыр. Жүйтікпен уақыт-ай десеңізші! «Елу – ердің жасы» десек те, Мейрам әлі сол Арқаның самалындай аңқылдаған адами келбетінен айныған жоқ. Рахман нұрына толы рақыметі әлі сол қалпы. 1975 жылдың 28 сәуірінде Қарағанды қаласында дүниеге келген. Содан бері осы нән шаһардың шулы да, шуақты күндерін бастан өткеріп, ғұмыр кешіп келеді. Мейрам дүниеге келген жылы Қарағандының қала мәртебесін алғанына қырық жылдан сәл ғана асқан уақыт еді. Мейрам – қала баласы. Бірақ, табиғатында даланың кендігі мен мейірімі тұнып тұр. Ол кездің сұрқы бөлектеу еді. «Орысша оқымасам», нан тауып жей алмайсың деген қағида әр отбасын ұстанымына айналған. Ондай ұстаным болмаған күннің өзінде қазақ мектебі жоқтың қасы.

Әкесі Кеңес пен анасы Майра – берекесі мен ынтымағы жарасқан нағыз қазақтың отбасы. Кеңес Нарымбетұлы ағамыздың есімі республика жұртшылығына жақсы танымал. Театр-өнер саласының қайраткері, сахна сапылағы, Мемлекеттік сыйлық иегері, аузы дуалы өнер мен мәдениет алыптарының алғысына бөленіп, батасын алған кемел тұлға. Ұзақ жылдар бойы Қарағандыдағы С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында тынбай еңбек етіп келе жатқан талантты актер. Кейде Кеңес ағамызбен әңгімелесе қалсақ: «Біздің әулет филологтар әулеті, жұбайым Майра, ұлым Мейрам, қыздарым Бибігүл мен Нұрилла, келінім Тоғжан бәрі де әдебиет пен тіл мамандары», – дейді риясыз жымиып.

Кеңес ағамыз Ақжайықтың тумасы. Найзасына үкі татқан кіші жүз, жеті рудан тарайтын әйгілі Әбубәкір Кердерінің ұр-

пақтары. Шалқар балықшылар ауылында дүниеге келіп, бұл ғұмыр белестері текке ортаның тәрбиесін көріп өскен Кеңес ағамыздың балалары сөз өнері мен әдебиетке жақын болуы атадан балаға жалғасқан осындай тектілікте жатса керек.

Мейрамның бойындағы тағы бір асыл қасиет кішіпейілділігі мен қарапайымдылығы. Оқу-ағарту саласында қызмет жасай жүріп, ғылым мен әдебиеттен алыстамады. Мейрамның өлең, әңгімелер жазып, аудармамен айналысатынын ат төбеліндей әріптестері де білмей қалып жатады. Қасым Аманжолов, Серік Ақсұңқарұлының поэзиясын орыс тілінде сөйлетуі, халықаралық шығармашылық байқау, фестивальдарда бес мәрте жүлделі орын алып, лауреат атанғанын уақыт өте келіп естіп, таң қалып жатамыз. «Ұлық болсаң, кішік бол» деп атам қазақ осындай азаматтарға айтса керек сірә. Алақандай мақаласы газет бетін көрсе, жалап жұртқа көрсетіп, сүйіншілеп жататын базбіреулердің әрекеті Мейрамға мүлдем жат. Шығармашылық, ғылыми тұрғыдан қаншама жетістікке жетсе де, сол қарапайым қалпынан айныған емес.

1992 жылдар мен 1996 жылдар аралығында Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқыды. Сол жылдары алдынан дәріс алған ұстаздары туралы Мейрам әркез мектегінен шығып айтпайды. С.Матяш, А.Тен, Т.Савченко, Р.Смағұлова, Ш.Токсанбаева, Е.Дой сияқты көптеген ұлағатты ұстаздарын ұмытпай ардақтай білуі шәкірт Мейрамның азаматтық болмысының жарқын бір қасиеті деп бағалаған жөн. Әсіресе, магистратурада кейіннен кандидаттық диссертациясына жетекшілік етіп, ғылым дейтін әлемнің қыр-сырымен таныстырып, туған бауырындай қамқорлық танытқан Сәуле Сихымбаева ұстазына деген құрметі ерекше. Қазақ ауыз әдебиетіне қатысты «Locis communes» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясына сол кездегі көрнекті ғалым Едіге Тұрсынов үлкен қызығушылық танытты.

2004 жылы Алматыдағы Қазақстан Ғылым академиясына қарасты М.Әуезов атындағы әдебиет пен өнер институтында өткен қорғауда сол кездегі қазақ ғылымының алыптары Серік Қирабаев, Сейт Қасқабасов бастаған танымал ғалымдардың қатысуы Мейрам Кеңесұлының ілім-білім жолын ақ батамен ашып бергендей еді.

Елу жас – жер ортасы. Ел ағасы атанатын мерейлі белес. Бозбала кезінен кішіпей-

ілділік пен ізгілікті жүрегіне сіңіре білген Мейрам үшін бұл ғұмыр белестері текке өткен жоқ. Оқу ағарту саласындағы отыз жылға жуық уақытта талай белестерді бағындырды. Оқытушы, доцент, факультет деканының тәрбие жөнінде орынбасары, кафедра меңгерушісі, университет баспасөз хатшылығы сияқты тынымсыз еңбек тілейтін жауапты жұмыстардың басы-қасында жүрді. Табиғатынан спортты сүйетін арда азамат осы саланың білікті, маманы, білімді ұстазына айналды.

Берекелі отбасының алтын қазығы – сол үйдегі Тоғжан келіміз. Салт-дәстүрді жетік білетін, көшелі-көрегенді әулеттен шыққан Тоғжан бұл күнде алтын асықтай төрт ұлдың анасы. Тұңғыштары Нұркен Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің химия мамандығын ойдағыдай тәмамдап, қазір әке жолын жалғастырып магистратурада оқып жатыр. Болашақта үлкен ғалым болғысы келеді. Одан кейінгі Нұржан есімді азамат – Алматыдағы Сүлеймен Демирел атындағы университеттің студенті. Алла қаласа, Нұралы мен Ғанижан да әкесі Мейрам мен анасы Тоғжанның абыройын асқақтатар азаматтар болсын деген тілектеміз. Осындай немерелері барда Кеңес аталары мен Майра әжелерінің көңілі шат, көңіегі кемел екені белгілі.

Халқымыздың рухани дәстүрінде «үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген тамаша ұғым бар. Мейрамның адами қасиеті мен азаматтық болмысының толық сипаты осы сөзге сыйып тұр. Ананың сүті, әкенің қанымен дариған ізгілік пен мейірімділік бар жерде азаматтың абыройы қашан да асқақ болатыны белгілі. Бөкетов университеті – байтақ Қазақстанға белгілі білім ордасы. Отыз үш жыл тарихы бар журналистика кафедрасы – сол үлкен білім ордасының алтын баулы бір шаңырағы. Сол шаңырақтың астында Мейраммен күнде кездесеміз. Қуанышымыз да, қызығмыз да әманда бірге. Міне, ширек ғасырдан астам уақыт аға-бауырдай араласып келеміз. Әлемі әзілі бар, әлемі жақсылық пен жылулыққа толы Мейрам Кеңесұлы ғылым мен білім жолында елі талай биіктерді бағындырарына бек сенімдіміз. Өйткені оның жүрегінде адамдарға деген мейірім шуағы мол.

Қойлыбай АСАН,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері

• ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

Мейрам ЖҰМАБЕКОВ

Менің қалам

Шаһарлар көп жұмыр жер тұсауында,
Бірақ жүрек жалғзын қалап алды.
Мейірімнің қалыған құшағында,
Жүрегімнің төрінде – Қарағанды!

Даңқты, қайсар, қайратты жас жігіттің,
Бар ғұмыры жетпеген ғасырға да.
Кеншілері от лаулар тасты үгітті, ей,
Еңбекпенен шындалған асыл бала.

Туған екен даңқы асқан талай ұлдар,
Қарағаны жайқалған сары даламда.
Отанымды жырлаған Абайым бар,
Өлең жазған ер Сәкен нар бабам да.

Ұмытқан жоқ бұл қала батырларын,
Соғыс деген зұлмат та бар ғаламда.
Сталинградта, Мәскеуде, Ленинградта,
Қабул менен Гератта, Кандагарда.

Сарыарқамның төрі бұл астанамдай,
Құштар етер өмірге таң нұры бар.
Көңіл самғар кіршіксіз аспаны ардай,
Президентің құйылған тағдыры бар.

Сүйем сені, шаһарым – бозбаладай,
Қымбатсың һәм жақынсың жүрегіме!
Ән шырқасам өзіңе көз жанады-ай,
Сені мақтап, қосамын тілегіме!

Бұл өмірде бұрыннан жоқ сәттілік,
Бұл – өмірдің бұлжымайтын заңдары.
Әлденеге құштар етер тәтті үміт,
Кездеспейді жанның жақын жандары.
Ауырлайды әр ісіңнің салмағы,
Сосын, сосын, түкіргің де келеді,
Көп адамның жанына.

Сәттілік жоқ күнделікті жұмыста,
Жалғыз ғана жұбаныштың – шарапта.
Өз бейнемді жоғалтатын жұлыста,
Мына маған не болды деп кей-кейде,
Сауал қоям айнарларға қарап та.

Керек десең, уақыттар да болды ғой,
Мені сүйіп, сыйлады да тайпа бұл.
Қарыз бердім, қалталары толды ғой,
Құшақтаған... Осы сырды айта жүр...

Қазір-қазір басқа уақыт, басқа жыр,
Ал, оларда өздерінің күйбеңі.
Жаңа есімдер жазылыпты тасқа бір,
Маған жету қайда оларға?

«Сенбе, қорықпа, сұрама!»,
Осы уақыт – қайрат кеткен батылдан.
Саңырау бәрі сатылған
Қойын жеген шопандар,
Садаға кет, шопан деген атыңнан.

Қойда есеп жоқ,
Жете алмассың санына.
Шүкір дейді маңырап,
Дүниеде шопандардың барына.

Бір-бірімен сүзісер,
Дәл осылай боп келген,
Бола берер тағы да!

Бауыр, туыс –
Шопандарың шопанға.
Жүректерін байлап қойған,
Жамырған отарға.
Бір-біріне қас емес,
Солай болса,
Шопандарың шопан ба?!

Дәл соларға
Бәрі де ешкі қойлардың,
Тұрсаңдағы сиыр болып мөңіреп...
Әй, бұларды шопан етіп қойған кім?!

Махаббат жайлы тағы да!
Махаббатты ақындар,
Жайғастырған жүрегінің тағына.
Пушкин менен Лермонтов та, Абай да,
Сезім жайлы жыр жазыпты талайға.

Не жазуға болады екен тағы да?
Қай бұрышын, қай тұсын,
Суреттеуге болады екен сағына?
Сезімдерді жазсам ба екен батыл боп,
Бұлар жайлы жазбай кеткен акын жоқ.

Мен бейбақ та сол бір халге ұрындым,
Түні бойы киналып,
Азабы көп шыңырауға жығылдым.
Есіме алдым сұлуымның көздерін,
Қоштасарда айтып кеткен сөздерін.

Сонда өзімді жоқ болдым деп ойладым,
Мына мені оятпас деп махаббат түнегіме бойладым.
Шын бақыттың құсы бар ғой, бірақта,
Шер сезімнің бұлтын айдар жыраққа.

Сол махаббат табыстырды өзіңмен,
Содан бері бір нұрды,
Көріп жүрмін жүрегіммен, көзіммен.
Міне осылай дем бергенсің сен маған,
Тоғжан, жаным, жылуыңды бер маған!

Сосын...


«Кетсең, кет» деп айппап ем,
Кеш батқанда ғайып боп,
Сөздің бәрін дәл осылай айтқан ең.

Жылдар өтер, бірге кетер күдіктер,
Еске түсер айтылған сан сырлар да –
Жанды сорған сүліктер.

Бірақ сонда кеш болады, бәрі өтті,
Жанымыздан өте шығып шын бақыт,
Бізді өзіне зар етті.

Ал сонымен, қайдан кате жібердік,
Кімнен кінә болды екен?
Жүрегіміз бірге болмай түнердік,
Түсіне алмай көңілімді шерлі етем.

Аударған Ерік НАРЫН



• ӘРІПТЕС ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ

Өмірі – өлең, болмысы – білім

Мейрам Кеңесұлын сонау студент кезінен білемін. Бәріміз түлеп ұшқан ҚарМУ-дың филология факультетіндегі орыс бөлімінде оқыды. Жақынырақ танып, араласқаным – 2005 жылдан бастап. Осынау жиырма жылдың жүзінде ағалы-інілі болып, сый-құрметпен келе жатырмыз.

Мейрам Кеңесұлы Жұмабеков – 1975 жылы 28 сәуірде Қарағанды қаласында дүниеге келген. Мектеп қабырғасындағы бастауыш сынып мұғалімі Зинаида Шмейлинианың арқасында кітап оқуға құмарлығы артқан. Ортаңғы сыныптарға өткенінде өлең жазуды бастаған. Алғашқы жауказындай балаң жырлары сол оқушы дәптеріне қонған екен. Осы кезде орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі Раиса Колосованың көп көмегі тиеді. Балауса жасқа өмірлік бағыт беріп, арман-қиялына қанат байлаған. Әрине, оған дейін де бала Мейрамның әдебиетке деген қызығушылық сезімі қалыптасып қалған еді. Оған әкесі – актер, Мемлекеттік сыйлықтың

иегері Кеңес Жұмабеков, анасы – ұлағатты ұстаз Майра Ержанованың әсері мол болды.

Мектеп бітірісімен сол арманын арқалап, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсуге келеді де, бағы жанып, студент болып қабылданады. 1992-1996 жылдар аралығында осы оқу орнында оқып, ойдағыдай аяқтап, сосын магистратурасын жалғастырған. Филология магистрі болып шыққан. Бакалавриатта да, магистратурада да көптеген көрнекті ғалымдар, ұлағатты ұстаздар дәріс беріп, арманшыл жастың білім мен ғылым көкжиегін кеңейте түсіп еді. Магистратура-

да жүргенде ғылымға түбегейлі бет бұрып, болашақ кандидаттық диссертациясының тақырыбын дайындап, ғылыми жетекшісі ретінде филология ғылымдарының кандидаты, доцент Сәуле Бралина (Сихымбаева) бекітілуді. Мейрам Кеңесұлының зерделі ғалым болып шығуына осы Сәуле Жәлелқызының әйгеті ерекше болды десек, артық айтқандық емес. Сәуле апайдың үнемі қадағалап, көп тапсырмалар беріп, оны орындатудың нәтижесінде 2004 жылы Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының жанындағы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында филология ғылымдарының кандидаттық дәрежесін алуға диссертация жазып, соны сәтті қорғап шыққан. Сол қорғауда Ғылыми кеңесте Қазақстанға белгілі мырғасқа ғалымдар: С.Қирабаев, Ж.Ысмағұлов, С.Қасқаба-

сов, Б.Құндақбаев, Ә.Нарымбетов, А.Ісмакова және тағы басқалар пікірлерін білдіріп, жас ғалымға сенім артып, жауапкершілік жүктеген. Мейрамның орысша жазып, қорғаған ғылыми тақырыбына қызыққан белгілі қазақ фольклортанушы ғалымы Едіге Тұрсынов та қатысқан. Бұл ғалым Ғылыми кеңестің мүшесі болмаса да, өз тарапынан қызығушылық танытып, диссертантка тақырыбына байланысты сұрақтар қойып, жылы пікірін білдірген екен.

Ғылыми еңбегін қорғап, филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алғаннан соң Мейрам Е.Бөкетов университетінің Ғ.Мейрамов атындағы орыс тілі және әдебиеті практикалық курсы кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, доцент болып қызмет атқарды. 2005-2007 жылдар аралығында филология факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеді.

2007-2018 жылдары 11 жылдай журналистика кафедрасының меңгерушісі қызметінде жемісті еңбек етті. Осы мерзімде журналистика кафедрасы үлкен жетістіктерге жетті. Мейрам Кеңесұлы әдеби шығармалардың авторы және Абай, Шәкәрім, Қасым Аманжолов, Серік Ақсұңқарұлы және басқа да қазақ ақындарының поэтикалық шығармаларының аудармашысы ретінде танымал. 2003 жылы Қарағанды қаласында өткен Қасым Аманжолов атындағы бірінші облыстық поэзия байқауының лауреаты атанды. 2012 жылы Арменияның Ереван қаласында өткен Сильва Капутикян атындағы халықаралық әдеби байқауда үшінші орынға ие болды. 2015 жылы Алматыда өткен «Алтын көпір» деп аталған халықаралық аудармашылар байқауында екінші орын алды. 2016 жылы Калининград қаласындағы «Алыстан – алысқа» дейтін

халықаралық байқауда екінші орын иеленген. 2016 жылы «Ұлы Женіс батырлары – 2016» деп аталатын Екінші Бүкілресейлік әдеби байқауының жеңімпазы болды. 2017 жылы Мәскеу қаласында өткен XVII Халықаралық Пушкин байқауында Аустралия, АҚШ-ты қоса алғанда, жақын және алыс шет елдердің қатысушыларының арасында лауреат атанған.

Өзінің жеке шығармашылық әлемінде «Көк гүлдер» (2015 жыл), «Өмір сүру бақыты» (2018 жыл) кітаптарының авторы.

Осындай сегіз қырлы, бір сырлы біздің Мекен осы сәуірде ердің жасы елуге толды. Ұрпақ қызығы мен еңбек жемісін көріп, ғұмырлы болыңдар!

Әлімжан ҚҰТЖАНҰЛЫ,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті,
журналистика кафедрасының аға оқытушысы

Менің атам – менің мақтанышым!

1941 жылы басталған соғыс – адамзат тарихындағы ең ауыр да сұм кезеңдердің бірі болды. Сол бір қан майданда Отанын жаудан қорғау үшін жанын қиған, от пен оқтың ортасында жүріп, болашақ ұрпаққа бейбіт күн сыйлаған ерлердің ерлігі ешқашан ұмытылмақ емес. Біз бүгінгі тыныш тіршілігіміз үшін сол ардагерлерге мәңгілік қарыздармыз.

Менің атам – Пани Жұмабеков, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Нұраталды ауылының тумасы. Ол 1939 жылы әскер қатарына алынып, 1942 жылы майданның алғы шебінен бір-ақ шыққан. Жауынгерлік жолында жанқиярлықпен шайқасып, ауыр жараланған. Әжемнің айтуынша, атам соғыс кезінде бірнеше мәрте әскери госпитальда ота жасатыпты. Соғыстың барлық қиындығын бастан кешіріп, тек



Сурет антардан

1946 жылы ғана Жапония жерінен аман-есен туған топырағына оралған екен. Атам соғыстан кейінгі бейбіт өмірде де елінің өркендеуіне өз үлесін қосқан жан. Ол еңбек жолын туған ауылында жалғастырып, түрлі жауапты қызметтер атқарды. Атап айтқанда, 1938-1939 жылдары Шет ауданының қаржы бөлімінде

салық қызметкері болды. Ал, 1947-1949 жылдары байланыс бөлімінің бастығы қызметін мінсіз атқарды.

1950-1970 жылдары совхозда мал өсіру маманы ретінде тың игеру жұмыстарына белсене қатысты. Осы жылдары отбасын құрып, бала-шаға өсіріп, ауыл арасында қадірлі, еңбегімен танылған жан



болған. Атамның әскери және еңбек жолы оның көптеген марапаттарымен дәлелденген.

Атап айтар болсам, Ұлы Отан соғысына қатысқаны үшін орден, соғыстың аяқталғанына 20, 25, 30 және 40 жыл толуына байланысты СССР Қарулы Күштерінің құрылғанына 50, 60, 70 жыл толуына орай медальдармен, сонымен қатар, «ІІ дәрежелі Отан соғысы ордені» және «Тың және тыңайған жерлерді игеру» медальдарымен марапатталған.

Атам Пани Жұмабековтің өмірі – ерлік пен еңбекке толы ғұмыр. Ол – біздің ғана емес, бүкіл елдің мақтанышы. Осындай ерлердің арқасында біз бүгін бейбіт өмір сүріп отырмыз. Олардың ерлігі – мәңгі жадымызда.

Бейбіт ЖҰМАБЕКОВ,
Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты

Қобыланды Мүбәрақұлы ТҰРДЫБЕКОВ

Қарағанды Бөкетов университетінің профессоры, химия ғылымдарының докторы Қобыланды Мүбәрақұлы Тұрдыбековтің дүниеден озғанын хабарлаймыз.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ұжымы ғалымның отбасына, туған-туысқандарына қайғыра көңіл айтады.

Қобыланды Мүбәрақұлы Тұрдыбеков 1959 жылы дүниеге келген. Физикалық химия, табиғи қосылыстар саласындағы маман, химия ғылымдарының докторы (1999), профессор (2002). Университетіміздің түлегі (1981).

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 3 желтоқсандағы №451 Жарлығымен техника және технология саласындағы елеулі еңбегі үшін Мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

Ғалым 1981 жылы ҚазКСР ҒА ХМИ спектроскопия зертханасының аға лаборанты, ҚазКСР Органикалық синтез және көмір химиясы институты табиғи қосылыстар зертханасының аға лаборанты, инженері, аға инженері (1983-84) болды. 1985-1997 жылдары ҚазКСР ҒА Органикалық синтез және көмір химиясы институты кіші ғылыми қызметкері, ғылыми қызметкері, бөлім меңгерушісі, зертхана меңгерушісі лауазымын абыроймен атқарды.



д

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Медицина орталығы ашылды

Енді балқаштықтар мен қала қонақтары қытай медицинасымен емделе алады. Балқашта Қытайдың медицина орталығы ашылды. Мұнда тері аурулары, буын аурулары, бедеулікке шалдыққандарды емдейді. Сондай-ақ, инемен емдеу, массаждың 8 түрі, хиджама жасалады. Қабылдауды білікті мамандар жүргізеді. Бұл туралы орталықтың ашылу салтанатында шығыс медицинасының докторы, профессор Нұрғұл Рамазан мәлімдеді.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Біздің емдейтін ауру түрлеріміз, жүйке аурулары, яғни, белсіздік, бедеулік. Сонымен бірге, асқазан, ішек ауруларын емдейміз. Балқаштан бөлімшені арнайы аштық, – дейді Нұрғұл Рамазан.

Мамандардың айтуынша, бұл орталықта Қытайда қасалған түрлі тұнбалар мен жасалғанын дәрілер сататын дәріхана болмақ. Еліміздің кез келген азаматын қуана қарсы алатын бұл орталық келушілерді дәрілік шөптер мен массаж, ине, сүлік

салу және түрлі гимнастикалардың көмегімен емдейді. Яғни, мануальды терапия, рефлексті терапия, фитотерапия сынды шығыс медицинасы кеңінен қолданылады. Ақылы түрде қызмет көрсететін орталықта Қытайдан келген білікті мамандар еңбек етеді. Сонымен бірге, отандық мамандар да қытайлық дәрігерлермен өзара тәжірибе алмасып, шығыс медицинасымен емдеуді үйренбек.

БАЛҚАШ

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2025 жылғы 1 тоқсандағы аудиторлық қызметінің нәтижелері туралы

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2025 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес 1 аудиторлық іс-шара жүргізілді.

Мемлекеттік аудитпен жергілікті бюджет қаражатының көлемі 857 531,2 мың теңгені құрайтын 2 объект қамтылды.

Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының бұзушылықтары 57 602,2 мың теңге мөлшерінде анықталды. 3 042 892,6 мың теңге қалпына келтірілуге және өтелуге жатады, оның ішінде 2025 ж. 1 тоқсанда 54 996,5 мың теңге қалпына келтірілді және өтелді.

Жүргізілген аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша төмендегілер жолданды:


аудит объектілеріне – 1 аудиторлық қорытындысы және 2 нұсқамасы жолданды, 31 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды;

мәслихаттарға – лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін сақтамауының анықталған фактілері бойынша 1 ұсыныс жолданды;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға – 2 аудит материалдары жолданды, жалпы 393,2 мың теңге айыппұл сомасына 2 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ, есептік кезеңде Тексеру комиссиясымен 41,3 мың теңге айыппұл сомасына 1 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

құқық қорғау органдарына (Қарағанды облысының прокуратурасы, Қарағанды облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті) – қаралуда жатқан 5-шарта материалдары жолданды.

№75



Электрондық пошта:
ortalyk.kaz
@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

• ДЕНСАУЛЫҚ

Кенеден де кесел келеді

Көктем келе кенелерден қауіп артады. Бұл жәндіктер көктемде ғана емес, жазда да, күзде де қауіпті. Өйткені олар жұқпалы ауруларды таратуы мүмкін. Аймақтың санитариялық эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандары тұрғындарды сақтық шараларын ұстануға шақырады.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Табиғатта кенелердің 40 000-ға жуық түрі бар. Ең үлкені, және қауіптісі – қанмен қоректенетін иксод кенесі. Кене ауыртпай шағады, бірақ, инфекция сілекеймен бірге қанға енуі мүмкін. Кене ауру жануарды шакқанда инфекцияны жұқтырады, содан кейін қоздырғыш оның денесінде өмір бойы қалады.

Қысқы ұйқы кезінде кенелердің сілекей бездерінде туляремия, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы, кене энцефалиті, кене сал ауруы, Лайм ауруы, моноцитарлық эрлхиоз, тіпті, сүзек тудыратын көптеген инфекциялар жиналады. Бұл аурулар мүгедектікке немесе өлімге дейін апаратын ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

Тауекел тобына кәсіптік қызметі мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығы жұмыстары, аңшылық, туризм және ашық ауада демалумен байланысты адамдар кіреді. Кене шағуы арқылы берілетін аурулар көктем-жазда көбінесе, шопандар, сауыншылар, малшылар, жеке мал иелері, ет комбинаттарының қызметкерлері, сондай-ақ, ауыл шаруашылығы жұмысшылары арасында тіркеледі.

Департамент басшысы Юрий Залыгиннің айтуынша, облыс

аумағы туляремия бойынша эндемиялық болып табылады. Ауру Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров және Шет аудандарындағы 21 елдімекенді қамтиды. Соңғы 10 жылда облыста туляремияның бір жағдайы тіркелді. Қазақстанда 2023-2024 жылдары аурудың 4 жағдайы тіркелді.

Аймақта Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының табиғи ошақтары болмаса да, эндемиялық аймақтардан инфекцияның енуіне байланысты қауіп сақталады. Кене энцефалитінің ошақтары – Абай, Бұқар жырау аудандары және Қарағанды қаласының маңы.

Иксод кенесінің денесі тығыз қабықпен жабылған, бұл оны жаншуды қиындатады. Тістеген кезде ол теріге терең енеді, бұл оны теріден алуды қиындатады. Адамның денесінде кене екі-жеті күн жүруі мүмкін. Неғұрлым ұзақ уақыт болса, инфекцияның қанға түсу ықтималдығы соғұрлым жоғары.

Кенелер тығыз өсімділері мен биік шөптері бар ылғалды, көлеңкелі жерлерді, орман жолдарының жиектерін, сондай-ақ, бау-бақша учаскелерін мекендейді. Үй жануарларымен де үйге келуі мүмкін. Көпшілік арасындағы «кенелер ағаштан түседі» деген қате пікір. Олар негізі төменнен жоғары қарай жорғалайды және әдетте адамның басынан немесе иығынан табылады.



Сурет ашық деректерден

былады.

Кенеден келетін аурулардың алдын алу мақсатында жыл сайын туляремия, кене энцефалиті, кене боррелиозы, ККГЛ сияқты табиғи-ошақты инфекциялардың мониторингі үшін жылжымалы зоологиялық-паразитологиялық топтар ұйымдастырылады. Мамандар кенелер мен олардың қоректендіргіштерін жинайды, қоздырғыштарды тасымалдаушылар мен кене популяциясының динамикасын бақылайды. Жиналған материал аса қауіпті инфекциялар зертханасында зерттеледі.

2024 жылы облыс аумағында зертханалық зерттеулер үшін 8 662 иксод кенесі (2023 жылы – 9 773) жиналды. Туляремия микробының антигені 0,3% жағдайда анықталды (8662-нің 26 үлгісінде). Зертханаға адамдардан алынған 317 кене де жеткізілді. Үшеуінде туляремия антигені анықталды.

Қорғану үшін табиғатқа шығарда дұрыс киім таңдау маңызды. Шалбарды аяқ киімге, ұзын жеңді және тығыз манжеті бар көйлек немесе курткаға салыңыз, бас киім киіңіз. Кенелерді байқауды жеңілдету үшін киім ашық түсті болуы керек. Шөпке отырып, немесе жатуға болмайды. Серуеннен оралғаннан кейін сырт киімді үйден тыс жерде шешіп, жақсылап сілкіңіз. Денені, әсіресе, терінің қатпарларын, қолтықтарды, мойынды мұқият тексеріп, шашты ұсақ тарақпен тараңыз.

– Егер кене теріге енген болса, оны өзіңіз алып тастамаңыз, өйткені оның тұмсығы теріде қалуы мүмкін. Жақын жердегі медициналық мекемеге бару керек, онда дәрігер кенені алып тастап, тексеру үшін зертханаға жібереді. Кенені қолмен ұсақтауға қатаң тыйым салынады, – дейді Юрий Залыгин.

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Жас кәсіпкерге қолдау зор

Ақтоғай ауданы әкімінің гранты жастардың қоғамға қажетті кәсібін бастауға жол ашады. Аудан әкімінің гранты быыл да талай жастың кәсібін бастауға мүмкіндік берді. Бүгінде олардың қатарына тағы да 9 жеке кәсіпкерлік субъектісі қосылып отыр.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға жергілікті билік тарапынан тиісті деңгейде көңіл бөлінуде. Жыл сайын жастардың тың жобаларын қолдау мақсатында аудан әкімінің гранты тапсырылууда. Жастардың кәсіпкерлікке бет бұруына мемлекеттік қолдау негіз болды. Өз ісін ашсам дегендер үшін биыл да аудан әкімінің гранты берілді. Қайтарымсыз қаржыға қол жеткізген азаматтар шаруасын тіктеп

қана қоймай, өзгелерді де жұмыспен қамтиды. Жастар кәсіпкерлігін қолдау мен дамытуға арналған гранттар комиссиясына 12 бизнес-жоспар ұсынылды. Тапсырылған құжаттар комиссия мүшелерімен толық тексеріліп, зерттеліп, талқыланып, 9 жоба комиссия мүшелерінің қолдауымен жеңімпаз аталды, – деді Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов.

Айта кетейік, бұл жолғы аудан әкімінің грантының бөлінген қаржы сомасы 17 000 000 теңгені құрады. Жаңа бизнес ашуға ұсыныс білдірген Ержан Сәкен, Аяна Зитлеу, Олжас Рысбек, Гүлім Оралқызы, Ақнұр Манатбек, Бекзат Махмет, Алматы Нұрлан, Мейрамгуль Кусембаева, Индира Лекердің бизнес-жоспарлары қолдау тапты. Олардың арасында қысы-жазы көкөніс өндіретін жылыжай ашу, сонымен қатар, шұжық жасайтын цех, тігін цехы, фабрика өнімдері және тұшпара өндірісі бар.

Ақтоғай ауданы

• РЕСМИ

Зиянкестен залал тимес үшін

Қарағанды қаласының Әліхан Бөкейхан атындағы ауданында көктемгі дезинсекциялық жұмыстар қарқын алуда. Зиянкес жәндіктердің санын азайтып, тұрғындар үшін жайлы орта қалыптастыру көзделіп отыр.

Иесіз қалған су қоймалары, таяз сулы аймақтар, қорғалатын нысандардың маңайы, сондай-ақ, саябақтар, гүлзарлар және үй ауалары арнайы өңдеуден өтуде. Бұл жұмыстар үш кезең бойынша жүзеге асырылады.

Дезинсекция барысында адам мен жануарларға зиянсыз, сертифицикатталған инсектицидтер қолданылады. Препараттар Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген және экологиялық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келеді.

Аталған жұмысты жүргізуге «Farza Group» ЖШС жауапты. Келісімшартқа

сәйкес мамандар белгіленген кестеге сай аумақтарды залалсыздандыру үстінде.

Алдағы уақытта мұндай шаралар Қазыбек би атындағы ауданда да жүргізіледі. Жоспар бойынша өңдеу жұмыстары мамыр айында басталады.

Мамандар қабылданып жатқан шаралар жәндіктердің санын айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік беретінін айтады. Алайда, оларды толықтай жою мүмкін емес. Себебі маса – экожүйенің табиғи бір бөлігі және табиғаттағы тепе-теңдік үшін маңызды рөл атқарады.

Өз тілшімізден

Кітап оқу – келешектің кепілі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайда сойлеген сөзінде «Жастарды оқуға деген сүйіспеншілікке баулу қажет» екендігін баса айттып, 23 сәуірде «Ұлттық кітап күні» атап өтуді ұсынған болатын. Бүгінде сол бастама аясында елде алғаш рет «Ұлттық кітап күні» аталып өтті. Өңірде де түрлі кездесулер өткізіліп, мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, аталған мереке аясында және ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай Қарағандыдағы Орталық саябақта «Кітаппен кемел болашаққа» кітап фестивалі өтті.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысында жалпы 300-ге жуық кітапхана бар десек, оның төртеуі – облыстық мәртебеге ие. Ал, кітап қорында есеп жоқ. Осындай мол мұрасы бар Қарағанды кітапханасы – «Кітапхана астанасы» деп аталуында да үлкен мән жатыр. Фестивальге қатысқан Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Рымбала Омарбекова кітап-

ханашылар мен олардың еңбегі жайында баса айтты.

– Осыдан бірнеше жыл бұрын «Кітапханашылар күні» бекітілген еді. Биыл жаңа мереке, яғни, «Ұлттық кітап күні» мереке күндерінің қатарына қосылды. Бұл мереке – кітапқа деген құрметтің белгісі. Жалпы, өңірде 300-ге жуық кітапхана бар десек, әр кітапхананың өзіндік ерекшелігі бар. Әрі жыл сайын кітап қоры артып келеді. Өңірден шыққан талай ақын-жазушыларымыздың кітаптары осы кітапханаларда сақтау-



лы. Осы фестивалда еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін оқитын барлық кітап түрі қамтылған. Осы салада қызмет етіп жатқан барша кітапханашының еңбегі орасан, – деді + Рымбала Кенжебалақызы.

Фестиваль – кітап оқуға баулу, қоғамның мәдени құндылықтары мен зияткерлік потенциалын арттыру мақсатында ұйымдастырылған. Осы іс-шараны ұйымдастыруға облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мұрындық болыпты. Қарағанды облыстық кітапханалары кітап көрмесін көпшілік назарына ұсынды.

– Бұл мерекенің біз үшін орны ерекше. Кітап пен кітап оқитын жастарды насихаттау үшін осындай іс-шаралар керек. Кітап оқитын ұлттың болашағы жарқын. Қазір кітап оқитын жастар жоқ емес. Кітапханамызда өтетін түрлі іс-шараларға атсалысады. Осы фестивалға кітапхананың жас оқырмандарын шақырып, марапаттадық, – деді Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының басшысы Баян Уатаева.

Саран қаласының орталықтандырылған кітапханасы фестивалға «Қылқалам ұшындағы туған жер» орен плаце алаңын қойған. Өңірден шыққан тұлғалар жайында жарыққа шыққан кітаптар легін алып келіпті.

Суретті түсірген Александр МАРЧЕНКО

• ЖӘДІГЕР

«Сор болған» секреты

Балқаш көлінің маңынан Қоңырат мыс-порфир кен орнын ашқан ленинградтық инженер-геолог Михаил Русаковтың далалық экспедицияларға арналған секреты Балқаш тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы тұр. Көне жәдігерді геологтың әйелі М.Русакова 1975 жылы тапсырған екен.

Нұрдос КӨРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Музейде қатталған құжат деректеріне сүйенсек, Михаил Русаковқа Қоңырат кенішін ашқаны үшін ерекше марапат ретінде АҚШ-қа іссапар болғанда далалық секретерді сыйға тартады.

Бұл сыйлық М.Русаковқа 1930 жылы түсті және сирек металдардың, атап айтқанда мыс порфирлі кендердің кен орындарын зерттеуге жібергені үшін берілген. Сонымен қатар, КСРО-да бірінші болып мұндай кендерді алдымен Қазақстанда, кейінірек

Одақтың басқа аймақтарында кеңінен зерттей бастағаны үшін еңбегін бағалап берсе керек. Бірақ, бұл бағалы сыйлық кейін өзіне пәле болып жабысқан.

Далалық секретердің иесі М.Русаковқа шет елдің тыңшысы деген жала жабылып, 1949 жылы 25 жылға бас бостандығынан айыру жазасы кесілген. Красноярск өлкесінде жазасын өтеген. Зиян келтіруші геологтардың қара тізіміне енгізіліп, қудаланған.

1954 жылы Русаков КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы Маленков мырзаға хат жазып, Балқаш кен орнын алдын ала барлау мақсатында мерзімінен бұрын босатуды



сұраған. Еліміздің белгілі ғалымдарының өтініші бойынша оның ісі қаралып, тексеру жүргізіледі. 1954 жылы толық ақталып, Михаил Петрович өзінің сүйікті ісіне оралған көрінеді.

БАЛҚАШ

Суретті түсірген автор

• ХОККЕЙ

Мұз үстіндегі мәртебе үшін

Келер айда хоккейден Әлем чемпионаты басталады. Швеция мен Дания елінде өтетін байрақты бәсекеде ұлттық құрама командасы да бақ сынамақ. Бүгінде ұлттық құрама ойыншылары жасакталып, оқу-жаттығу жиындарына кірісті. Ал, құрама сапына қарағандылық «Сауатқа» клубының шабуылшысы Александр Борисевич шақырту алды.



27 жастағы спортшы ұлттық құрама сапына жастар және кіші жасөспірімдер санатында жүргенде өткен. Содан бері бірнеше мәр-

те әлем чемпионатына, халықаралық және басқа да ірі байқауларға қатысып, жүлделі орын иеленген. Былтыр ұлттық құрама «В» то-

бында өнер көрсетіп, өз тобынан шыға алмай қалған еді. Биыл да осы топта. Бірақ, қарсыластары ауысқан. Биылғы қарсыластар да осал емес. Әуелі Қазақстан құрамасы топтық кезеңдегі ойындарын Хернинг қаласында өткізеді. Бұл кезеңде Норвегия, Германия, Венгрия, Дания, Чехия, АҚШ және Швейцария сынды елдердің ұлттық құрама командасымен кездеспек.

Чехия құрамасы – былтырғы әлем чемпиондары. Ал, Швейцария чехиялықтардан ақтық кезеңде жеңіліп, II орын иеленген. Былтырғы әлем чемпионатының қола жүлдегерлері топтық кезеңде алдына қара салмаған. Одан бөлек, Германия мен АҚШ құрамасы – топтық кезеңде үздік үштікті өзара бөліскен мықтылар.

Дегенмен, отандастардан жеңіс күтеміз. Себебі, биылғы құрам кіл мықтылардан жасақталған.

Өз тілшімізден Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• ФУТБОЛ

Кузнецов клубқа келді

Қазақстанның жасөспірімдер құрамасының бұрынғы бас бапкері Александр Кузнецов «Шахтер» клубының қатарына қосылды. Ол бұдан былай клубтың футбол орталығын басқарады.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Клуб директоры Талғат Дүйсеков өзінің әлеуметтік желідегі парақшасына жазба қалдырып, көптен сүйінші сұрады.

– Ақпарат – үлкен күш. Сол ақпаратты дұрыс өңдеп, оң шешім қабылдай білу өте маңызды. Біз «Шахтер» футбол клубына мықтылар жиналуы керек деп есептегендіктен, клубымызға Александр Кузнецовты шақырдық. Ал, ол бұл ұсынысты қабыл алды. Бүгіннен бастап, Александр Евгеньевич «Шахтердің» футбол орталығын басқармақ, – делінген хабарламада.

Александр Евгеньевич Қазақстан U-19 құрамасын 2021



жылдан бері жаттықтырып келеді. Осы тұста ұлттық құрамалардың бас бапкері ретінде жеткен жарқын жетістіктері күні бүгінге дейін жанкүйер жадында. Енді «Шахтер» клубына да өз тәжіри-

бесі мен кәсібилігін көрсетіп, жаңа биіктерді бағындыратынына сенім зор.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы І.Д. МҰҚАЙ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 ● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. ● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. ● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. ● Материалдың жариялану ақысы төленген ☑ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ый. Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 4 725 №44 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жансая ОМАРБЕК
